

“ТАРАКАНДАР” ПАРТИЯСЫНА НЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ?

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№23
(1830)
11 маусым
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақжәшіт Ақшамы Газеті

ЕЛГЕ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МҰРАТЫНА ЖЕТКЕН САПАРБАЕВ

Қызылордадағы «Достық үйінде» көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевтың өмірі мен еңбек жолына арналған «Сапарбаев тұлғасы» кітабының таныстырылымы өтті. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, жас мемлекеттік қызметшілер, азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, кітаптың құрастырушысы Абай Сейфуллаұлы, ағайын-туыс қатысты.

Аймақ басшысы М.Ерғешбаев мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевтың ел дамуына сіңірген еңбегіне тоқталып, оның мемлекеттік қызметтегі өнегелі жолы жас ұрпаққа үлгі екенін атап өтті.

– «Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асып жатқан «Әкімдер мектебі» жобасы аясында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ұйымдастыруымен Астана қаласында «Сапарбаев тұлғасы» атты кітаптың тұсауесері өткен болатын. Бұл – елге қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырған ардақты азаматтың өнегелі жолын бейнелейтін тағлымды туынды. Қарапайымдылық пен адамгершілікті, кісілік пен кішілікті, талапшылық пен әділдікті бір бойына сыйдырған ардақты азаматтың есімі Тәуелсіз Қазақстанның тарихына алтын әріппен жазылды.

Уақыт оны арамыздан алыстатқанымен, рухани мұрасы ешқашан жоғалмайды», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.



Басқосуда кітаптың құрастырушысы Абай Сейфуллаұлы, ел ағалары Самұрат Имандосов, Бекмырза Еламанов, Мұрат Бақтиярұлы, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов сөз сөйледі.

Бердібек Машбекұлы мемлекеттік қызметтің түрлі сатыларында абыройлы қызмет етіп, сындарлы кезеңде халық пен билік арасындағы өзара түсіністік пен сенімді нығайтты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Премьер-министрдің орынбасары, Қызылорда, Оңтүстік және Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімі ретінде ел дамуына зор үлес қосты.

САБАҚТАСТЫҚ:

НӘЛІБАЕВ БАСТАМАСЫ – ЕРГЕШБАЕВ НЕСІБЕСІ

Осыдан бір айдан астам уақыт бұрын Сыр бойында билік ауысты.

Биылғы жылдың 7-ші мамырында сол кездегі аймақ басшысы, қазіргі Үкімет басшысының бірінші орынбасары Н.Нәлібаев Facebookтегі өз парақшасында:

Еңбек жолымдағы тағы бір аса жауапты кезең қорытындыланып, Қызылорда облысының әкімі ретіндегі қызметім аяқталды. Төрт жылдан астам уақыт бойы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына барлық білім-білігімді, күш-жігерімді, тәжірибемді жұмсадым. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы аймақ тізгінін тапсырғанда, Президентіміздің, жерлестеріміздің сенімін ақтап, туған жерге адал қызмет етудің жауапкершілігі жеңіл емес екенін жақсы түсіндім.

Кейінгі төрт жылда Мемлекет басшымыздың қолдауымен атқарылған жұмыстардың, жүзеге асқан жобалардың, қолға алынған бастамалардың барлығы жұртшылықтың көз алдында. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Президентіміз «Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады», – деп атап өтті.

Осы уақыт аралығында Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен облыс бюджеті жылдан жылға ұлғайып 809 млрд. теңгеге жетті. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылғы 47 млрд. теңгеден 202 млрд. теңгеге дейін артты. Бұл қаражат өнірліміздің ең өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Аймақта қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, кейінгі үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд. теңгеге жуық, 2025 жылы 774 млрд. теңгеден астам инвестиция тартылды.

Осылайша Қызылорда облысы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша республикада алдыңғы орындарға шықты. Өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, инвестиция, инфрақұрылым, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт және тағы басқа бағыттарда атқарылған жұмыстың нәтижесі Қызылорда қаласының, аудан орталықтары мен елді мекендердің келбетінен анық көрінеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Мұны сенім мен жауапкершілік жүгінін салмағы еселене түскені деп білемін. Ел дамуы жолында атқаратын жұмыстың ауқымы зор. Сондықтан өзіме жүктелген міндетті толық атқаруға бар күшімді саламын.

Туған жерге қызмет етуге, ойға алған жобаларды іске асыруға мүмкіндік берген Президентімізге, әр бастамаға қолдау білдіріп, тілекші болған Сыр жұртшылығына, ортақ іске бір қолдың саласындай болып жұмылған барша әріптестеріме шынайы алғысымды,

зор ризашылығымды білдіремін, – деп жазба қалдырды.

Өзі әкім болған “төрт жылда Қызылорда облысын негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша адыңғы орындарға шығарған” Нұрлыбек Машбекұлы жоғарылап Үкіметке кетті де, есімі бұрыннан елге таныс, осы облыстың Қармақшы, Сырдария, Қазалы, Шиелі аудандарының, Қызылорда қаласының әкімі болған, басқармалар басқарған, одан Парламентке депутат болып сайланып кеткен банкир, қаржыгер, экономист М.Ерғешбаев облыс әкімі болып тағайындалды.

Жалпы мемлекеттік қызметте жүргендер үшін, әсіресе облыс әкімдігіндегі лауазымда отырғандарға, аудан, қала әкімдеріне, басқарма, департамент басшыларына билік ауысқан кезең – ең қиын уақыт. Кеткен билікпен бірге өздері де жоғары, төмен кететіндей, болмашыға тынышсызданып, келгеннің қас-қабағына жалтақтап, өздерін өз орындарында сезіне алмай, әбден әбгерге түсетін өліара шақ...

Бұл жолы олай болмады. Жоғары әкім орынбасарларынан бастап үлкен-кіші биліктегілердің бәрінің қызметі қалыпты, ұйқысы тыныш. Сол Нәлібаевтың кезіндегідей елге тәуір қызмет етіп, қызмет баспаздағымен жоғарылауға үмітті. Алды комитетке дейін көтеріліп кетті. Негізгі биліктің сабақтастығы осы болса керек.

Иә, Нәлібаев та бір төрт жылда төрлетіп кете қоярмын дегенге болар, әйтеуір бірнеше төрт жылға жүк болар жобалар жалғасып, құрылыстар салынып, инвесторлар келіп жатыр. Ерғешбаевтың несібесі.

Несібе емей немене, әкім болғанына бір жеті өтпей жатып, Мұрат Нәлқожаұлы Қазақстан – Түркия бизнес форумына қатысып, Түркияның “Fabe Agro” компаниясымен “Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге арналған жылыжай кешенін салу” инвест жобасын іске асыру бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Былайыныша айтқанда әкім тыңнан, төтеннен келсе, бір аптада оң-солын да танып үлгермейді...

Мұрат Нәлқожаұлы әкім болып келгеніне 9 күн толғанда 600 отбасы баспаналы болды. Қазіргі кезде қала құрылысы қарқын алған Сол жағалауда 50-ге тарта құрылыс бар екен. Оның 25-і көпқабатты тұрғын үй, 20-сы кәсіпкерлік нысандары болса, бір аурухана, бір емхана да бар.

Бәрінен бұрын “Балаларды қорғау күні” Президент саябағындағы құны 4 млрд. 948 млн. теңге тұратын “Ботаникалық білім беру орталығы” пайдалануға беріліп, қызылордалықтардың бағы жанды. Бағы жанбағанда ше, көп жамағат армандап жүрген “жұмақ бағы” түсте емес, өңінде бар...

Жаз басталса жыры басталатын балалардың жазғы тынығу лагерлерінің де мәселесі толық шешілді. Президент паркінен жаңадан ашылған “Ai-Kerim” оқу-сауықтыру орталығы ашылғаны бір бөлек, жер-жерден бір мезетте 9 лагерь ашылып, мыңдаған бала тынығуда.

Ай ішіндегі ақпараттарға зер салсақ, әкімнің әр күні ералуан жаңалыққа толы. Қызылордада әлемдік деңгейдегі «Норв» неміс технологиясымен жабдықталып, заманауи, өрі экологиялық өнім шығаратын «Seven Rivers» компаниясының шыны ыдыстар зауытының іргетасы қаланды. Сондай-ақ тағы да бір әлемге әйгілі испандық жүз жылдық тарихи бар, өз саласы бойынша әлемдік деңгейде көшбасшы, әр елде 78 өндірістік алаңы бар, 20 мыңнан астам адам еңбек ететін, 170-тен астам елге өнімін экспорттайтын «Rosa Group» компаниясының санитарлық-техникалық жабдықтар зауытының да іргетасы қаланды.

Қалада халықаралық талаптарға сай салынып жатқан “Қызылорда Арена” көпфункционалды спорт кешені, тағы да басқа әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй құрылысы әр кез әкім назарында.

Әкім болып тағайындалғанына үш жеті толғанда М.Ерғешбаевты Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қабылдады. Ресми ақпарат бойынша Мұрат Нәлқожаұлы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевқа аймақта қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, экономиканы әртараптандыруда алдағы үш жылға 1 триллион 900 миллиард теңгенің 48 инвестициялық жобасын іске асыру жоспарланғанын, биыл 1 триллион теңгеге 14 ірі жобаның құрылысы басталғанын, Президенттің Ұлттық құрылтай отырысында берген тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана, 500 орындық емхана, 200 орындық перинаталдық орталық, жаңа драма театры мен заманауи кітапхананың құрылыстары жүргізіліп жатқанын, Қызылорда – Ақтөбе автожолын кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталғанын, Бейнеу – Сексеуіл тас жолының құрылысы жақында қолға алынатынын, жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, халықтың 85 пайызы көгілдір отынның игілігін көретінін, үй кезегіндегі азаматтарды баспамен қамту мақсатында биыл 2 400 пәтер беру жоспарланғанын, облыстағы 138 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеуден өтіп, жолдардың 95,5 пайызы жақсартынып баяндаған.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне экономиканы әртараптандыру, инвестиция тарту, экологиялық ахуалды ілгерілету және ауыл шаруашылығына су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстарын жалғастыру бойынша бірқатар тапсырма берген.

Жалпы отыз күн ой ойлауға да, той тойлауға да жеткілікті уақыт. Қызылордада билік ауысқанымен, талап, бағыт-бағдар, жоспар-жоба, мақсат-мүдде елге қызмет ету бағытынан айныған жоқ, бүгінгі мен кешегінің арасына сына қағылмады, кешегі бүгінге алыстамады. Кешегі басталған істер бүгін жалғасын табуда.

Үкіметтегі Нәлібаев пен аймақтағы Ерғешбаев тандем ел табысын еселей түсері сөзсіз...

Ал, негізінде Нұрлыбек Машбекұлының Үкіметке көтерілгені – Сыр бойының несібесі...

Индияның жоғарғы соты соттарының бірінің “Біздің қоғамда жүйеге шабуыл жасайтын паразиттер де өмір сүруде. Олардың жұмысы жоқ, мамандығы да. Бұл жас адамдар таракандар сияқты. Олардың кейбірі медиада, кейбірі әлеуметтік желіде белсенді. Олар жұрттың бәріне шабуылдап бастайды” дегені осы елде жаңа партияның құрылуына түрткі болды.

Осы жылдың 16 мамырында саяси коммуникация саласының 30 жастағы маманы, әрі студент “Таракандар халықтық партиясының” құрылғанын мәлімдеген.

Таракандар партиясына кіру соншалықты қиын емес. Партия иесінің талабы бойынша әлеуметтік желіде пост жазып, “Мен де тараканмын” деген хэштег белгіленсе болғаны. Айналасында 5 күн ішінде партияның инста парақшасында 18 млн. адам жазылған. Ал, Индияның билеуші партиясының аккаунтында бар болғаны 9 млн. адам бар екен.

“Таракандар” ұраны да, саяси мәлімдемесі де соншалықты ауыр, салмақты емес. Бар болғаны отставкаге кеткен соттардың жеңілдігі мен төлемдерін тоқтату керек, өз бас пайдасы үшін бір партиядан екінші партияға ауыса беретін саясаткерлердің мемлекеттік қызметке келуіне тыйым салу керек деген сияқты қарапайым түсініктер.

Алайда, осының өзі-ақ билікке ұнамаған сияқты. Өлі тіркеліп те үлгермеген партияға қарсы күрес күшейген. Партия мен оның иесінің аккаунттары бұғатталған. Мемлекеттік билік институттарын қорлауға, тұрақсыздыққа бағытталған жоба ретінде ұлттың қауіпсіздігіне қауіп деп танылған.

Негізі партия құрушы студент Бостонда тұратындықтан, бұл партия Индияға сырттан келген, елде Соростан болмаса Пәкістаннан келген бәле болуы мүмкін деген де түсінік қалыптасқан. Билік қарсыласқанымен, қанша бұғатталғанымен “Таракандар” жұрт көңілінен шығып, жоба жалғасып жатыр екен.

“Бәленің атын атасаң, бәлеге қаласың” дегендей, қоғамдағы қарсылық күштерді тараканға теңеп айтқан соттың бір ауыз сөзі расында да олардың қатарын қаптатып тұрғандай.

“МҮЙІЗТҰМСЫҚТАР” ПАРТИЯСЫ

Әлемде әрекет етуші партияларға көңіл толмастықтың түр-түрі бар. Мәселен 1963-ші жылы АҚШ-тың Канада штатының Монреал қаласының бір топ оқыған-тоқығаны бар интеллектуалдары үстем болып тұрған партияға көңілдері толмай, өз партияларын құрған. Аты – “Мүйізтұмсықтар” партиясы. Бұлай аталуының өзіндік себебі бар екен. Мәселен 1959-шы жылы Бразилияның Сан-Паулу зоопаркіндегі Какареко мүйізтұмсығы қала мәрі болуға дауысқа түскен. Сайлаушылар қала билігі, саясаткерлер қаланы дағдарыстан шығара алмады. Олардан гөрі осы мүйізтұмсық қала мәрі болса, айырмасы қандай деген ашумен, Какареконы мэр етіп сайлауға дауыс берген.

Бір қызығы, сайлау бюллетенінде әркім өз кандидатын көрсетіп, жазуға болады екен. Міне, сайлаушылар осы мүмкіндікті пайдаланған. Әрине, мүйізтұмсық қала мәрі болмағанымен, бүкіл әлемге танылған. Арада төрт жылдай уақыт өткенде монреалдық партия бастамашылары танымал мүйізтұмсықты тағы бір рет пайдаланбақшы болып, оны өздерінің көшбасшысы етеді.

“Мүйізтұмсықтар” партиясы сайлау комиссиясында тіркеледі. Содан бері сайлауларға қатысып келеді екен. Партия дәстүрлі партиялардың сайлауалды уәделерін жоққа шығаруды мақсат етеді. Мәселен, өзі жеңіске жеткен жағдайда сайлауалды науқанында уәде етілгеннің ешқайсысын орындамаймыз деп ант-су ішеді. Сондай-ақ тартылыс заңын алып тастауды, жартасты таулардың орнын ауыстыруды, дәрігерлерді сиқыршылармен алмастыруды, елдегі барлық халық холодильник есігін ашып қойып, жаһандық жылытуды жөнуді бағдар еткен.

Бір қызығы 1980-ші жылғы сайлауда бірнеше округте екінші орынға шықса, жалпыұлттық деңгейде 1% дауыс жеңген. Ал, 2019-шы жылғы сайлауда Канаданың Халықтық партиясының көшбасшысын парламентке өткізбей қойған. Дәл сонымен аттас адам тауып алып, билік партиясы үміткері дауысқа түсетін округке ұсынған. Халық шын үміткерден шатасып, ол кезекті дауыс жинай алмаған.

Осы партияны жабу үшін 1990-шы жылдары Канадада сайлау туралы заңды қатайтқан. Дауыс беруге түсу үшін партиялар кемінде 50 кандидат ұсынып, олар үшін қомақты кепілақы төлеу керек болған. 1993-ші жылы “мүйізтұмсықтар” жабылатындығын мәлімдеген, бірақ Канаданың сайлау комиссиясын сотқа берген.

Арада он жыл өткенде, 2003-ші жылы сайлау туралы елгі талап заңсыз деп табылып, партия қайтадан қызметін жалғастырған.

“ЕҢ ҮЗДІК ПАРТИЯ”

Әлемдік саясат тарихындағы барлық әуа партиялар арасындағы үздігі – исландиялық әзіпкеш, жазушы Ион Гнаррдың және оның достарының осы сатиралық жобасы көрінеді.

Ионмен оның достары арт-жобалары арқылы сайлау кезінде “нағыз” саясаткерлерге пародия жасауды және қалалық кеңес сайлауына қатысуды жоспарлайды. Партия атын қиындатпай, өсіре саяси етпей, қарапайым “Ең үздік партия” деп атайды.

Сайлауалды бағдарламасында біріншіден әділетті сыбайлас жемқорлықпен айналысамыз дейді, қарсыластарымыздан айырмашылығымыз сыбайлас жемқор екенімізді еш жасырмаймыз деп мәлімдейді. Екіншіден сайлау науқаны кезіндегі уәдені орындамауға серт береді. “Біз басқа партияларға қарағанда көбірек керемет уәде береміз, өйткені әуел бастан оны орындау ойымыз жоқ” дейді.

Бұл – олардың басты ұраны. Үшіншіден елдің бәріне керемет жақсылықтар жасауға уәде етеді. Мәселен, барлық бассейндерде тегін сүлгі тарауға, студенттерге қоғамдық көліктерде тегін жүруге уәде етеді.

Арада бір жыл өткенде, яғни 2010-шы жылдың 29-шы мамырында өткен сайлауда 34,7% дауыс алып, қалалық кеңестегі 15 орынның 6-на иелік етеді. Қала басқару билігі бұларға беріледі. Жоба жетекшісі қала мәрі болады. Енді арт-жобадан партияға айналады.

ЗЕБЕШЕВ – ИНВЕСТИЦИЯ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге байланысты мәжіліс өтті. Онда әріптестері осы уақытқа дейін облыс әкімінің орынбасары қызметін атқарған Ардақ Темірханұлы Зебешевті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалуына байланысты құрметпен шығарып салды.

Аймақ басшысы Ардақ Темірханұлының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, инвестициялық әлеуетін арттыруға және кәсіпкерлікті қолдауға қосқан елеулі үлесін атап өтіп, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

«Ардақ Темірханұлы 2024 жылдың ақпан айынан бері облыс әкімінің орынбасары ретінде инвестиция тарту және кәсіпкерлік салаларына жетекшілік етті. Оның үйлестіруімен өңірдің инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіліп, Мемлекет басшысының инвестициялық экожүйені қалыптастыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда нақты нәтижелерге қол жетті.

Осы кезеңде өңірге 1,4 трлн. теңгеден астам инвестиция тартылып, соңғы екі жылда жалпы құны 339 млрд. теңгеден асатын 48 инвестициялық жоба жүзеге асты. Нәтижесінде жаңа өндіріс орындары ашылып, халықаралық әріптестік байланыстар аясы кеңейді», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Ардақ Зебешевтің жетекшілігімен «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағын құру жұмыстары жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Шетелдік инвесторлармен нәтижелі келіссөздер жүргізіліп, испаниялық «Rosca Group» компаниясының санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын зауыты мен швейцариялық «Harvest Group» компаниясының агроиндустриялық кластер құру жобалары бастау алды.

Қытай Халық Республикасымен ауыл шаруашылығы, құрылыс салаларына озық технологиялар енгізуге бағытталған 9 келісімшартқа қол қойылды. Энергия үнемдейтін шыны өндірісі, заманауи кірпіш зауыты, кондитерлік және макарон өнімдерін шығаратын өндірістік кешендер іске қосылды.

Бұдан бөлек, Сыр өңірінің мәдениетін халықаралық деңгейде насихаттау және ынтымақтастықты дамыту бағытында Финляндия, Эстония, Испания, Швейцария және Франция мемлекеттерінде өткен өнер күндерінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуына үлес қосты.

Ардақ Темірханұлына Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының Алғыс хаты, Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі табысталды.



ДИРЕКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ДИРЕКТОР БОЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бұйрығымен «Сыр суы» филиалының директоры лауазымына тағайындалған Әмиша Ержан Шынтаемірұлы таныстырылды.



Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, халықты сапалы ауызсумен үздіксіз қамтамасыз етудің қажетті шараларын қабылдауды жүктеді. Өңірдің су шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту, ауызсу жүйелерінің жұмысын қамтамасыз етіп, су жеткізу қызметінің сапасын арттыруды тапсырды.

Ержан Шынтаемірұлы 1980 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде құрылыс, құқықтану мамандықтары бойынша білім алған.


Еңбек жолын «СМГП-Қызылорда» серіктестігінде инженер ретінде бастаған.

Әр жылдары жеке секторда, мемлекеттік мекемелерде жауапты қызмет істеген.

Кейінгі жылдары «Қазсушар» мекемесінің «Сыр суы» филиалы директорының орынбасары қызметін атқарып келді.

ДӘРІЛЕРДІ БАҚЫЛАЙДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда Денсаулық сақтау министрлігі аппараты басшысының бұйрығымен Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған Жақсылық Жанерке Алмасқызы таныстырылды.



Облыс әкімі жаңа басшыға өңірде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымын қатаң бақылауда ұстап, медициналық қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыруда нәтижелі жұмыс жүргізуді тапсырды.

Жанерке Жақсылық 1992 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Медицина», «Жалпы медицина» мамандықтары бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2017 жылы Қызылорда қалалық №3 емханасында дәрігер ретінде бастаған. Әр жылдары осы емханада бөлім меңгерушісі, аймақтық дәрігер, бас дәрігердің орынбасары болған.

2023 жылдан осы күнге дейін Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

ТУРИСТТЕР КӨБЕЙЕР МЕ ЕКЕН?..

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Сыр өңіріне арнайы келген танымал тревел-блогер Дастан Мұхамедрахымды қабылдады.

Кездесуде аймақ басшысы өңірдің туристік әлеуетін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, тарихи-мәдени мұраларды әлемге таныстырудың маңызын атап өтті.

– Ең алдымен, тарихи терең, бірлігі бекем Сыр өңіріне қош келдіңіз! Қызылорда облысы – ежелгі өркениеттердің ізі сақталған киелі мекен. Сыр бойындағы көне қалалар, тарихи ескерткіштер мен мәдени мұра нысандары Ұлы Жібек жолының мыңжылдық тарихынан сыр шертеді. Сонымен қатар біздің өңір табиғи ерекшеліктерімен де саяхатшылар үшін ерекше тартымды екені белгілі.

Бүгінде еліміздің туристік картасына «Байқоңыр» ғарыш айлағы, «Сығанақ» қалашығы және «Geopark Aral» жобасы енгізілген. Ал өңірлік деңгейдегі туристік нысандар қатарына «Ханқожа» көлі, Қорқыт ата мемориалдық кешені, «Қамыстыбас» көлінің курорттық аймағы, Жанакорғанның балшық курорттары, «Сауыскандық» шатқалындағы петроглифтер, «Жанкент» қалашығы, «Ақтас» мешіті, Хорасан ата, Оқшы ата және Марал ишан кесенелері кіреді. Осы тарихи орындарға


ерекше қызығушылық танытып, әлем назарына ұсынғаныңыз үшін Сізге ерекше алғысымды білдіремін! – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Өз кезегінде Дастан Мұхамедрахым Сыр жұртшылығының қонақжайлығына ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта отандық туризмді дамытуға бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ниетті екенін жеткізді.

Кездесу соңында аймақ басшысы құрметті қонаққа қазақы дәстүрге сай сый-сияпат табыстады.

Жақында әлемге танымал тревел-блогерлер Қызылорда қаласына арнайы келіп, қайта

жаңғыртылған Президент саябағын аралаған болатын. Сондай-ақ, Қармақшы ауданындағы «Қорқыт ата» мемориалдық кешенімен танысып, «Байқоңыр» ғарыш айлағында түсірілім жүргізді.



«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Еңбек Жолы» конкурсын 2026 жылы өткізу туралы хабарлайды.

«Еңбек Жолы» конкурсы жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндірістің қарапайым жұмысшыларын айқындауға мүмкіндік береді.

Конкурс «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы» ұранымен Еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурсқа құжаттар 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады.

Конкурсты өткізу мақсаттары:

- 1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
- 2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;
- 3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- 4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;
- 5) еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық. Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар келесі номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

- 1) «Үздік еңбек әулеті»;

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының

жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

2) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері»;

Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) «Өндірістің үздік жас маманы»;

Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбеккер өндіріс қарапайым жұмыскері таңдалады;

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

Конкурсқа қатысушылар екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

- 1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтініші;
- 2) жеке куәліктің көшірмесін;
- 3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан аспайтын бейнероликті (жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);
- 4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);
- 5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландырган еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтам);
- 6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсыным хат.

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР!

Қазіргі таңда Kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы электр энергиясы үшін төлем жасау қызметі «Алсеко – Бірыңғай коммуналдық төлемдер» қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жаңа дербес шот нөмірін білу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

Көрсетілген байланыс нөмірлеріне хабарласыңыз немесе WhatsApp желісіндегі ALSECO Bot қызметін пайдаланыңыз. Ботқа кіріп, «Старт» сөзін жіберіңіз.

Қажетті тілді таңдаңыз. «Дербес шот нөмірін білу» бөлімін басыңыз.

Коммуналдық қызмет түрінде реттік нөмірі 3 санын таңдаңыз.

Бұрынғы дербес шот нөміріңізді енгізіп, растау батырмасын басыңыз.

Жүйе сізге «Алсеко» бірінғай төлем құжатының жаңа дербес шот нөмірін көрсетеді. Осы нөмірді көшіріп алып, Kaspi.kz қосымшасындағы «Алсеко – Бірыңғай коммуналдық төлемдер» бөліміне енгізу арқылы төлем жасай аласыз.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда көрсетілген байланыс нөмірлеріне хабарласуыңызды сұраймыз.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері): мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Конкурсты өткізу мерзімдері: 1 шілдеге дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде үміткерлерден материалдар мен өтінімдерді қабылдау;

1 тамызға дейінгі мерзімде «Еңбек Жолы» республикалық байқауының облыстық комиссиясымен өңірлік деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау;

қыркүйекте өңірлік еңбек форумында жеңімпаздарды марапаттау;

10 тамызға дейін «Еңбек Жолы» байқауының өңірлік деңгейінен жеңімпаздардың марапаттау;

10 тамызға дейін «Еңбек Жолы» республикалық байқау деңгейінің жеңімпаздарын анықтау;

қазан айында «Еңбек жолы» конкурсының жеңімпаздарын республикалық форумында марапаттау.

Нақты ақпарат пен кеңесті келесі мекен - жайлардан алуға болады:

Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 каб., тел.: 26-38-20 немесе тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

Ескерте: Конкурсқа өтінімдерді тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне тапсыра аласыз.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді сондай-ақ олардың тәлімгерлерін Конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз!

СТУДЕНТТЕР

«БЖЗҚ» АҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қорқыт ата атындағы ҚМУ студенттері «БЖЗҚ» АҚ-ның қызметімен танысып, тәжірибеден өтті.

Бүгін Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Экономика және құқық» факультеті, «Қаржы» және «Есеп және аудит» мамандықтары бойынша 1-курс студенттеріне «БЖЗҚ» АҚ Қызылорда облыстық филиалында оқу-тәжірибелік жұмыстар өткізілді.

Шараның басты мақсаты — болашақ экономистер мен қаржыгерлердің теориялық білімін өндірістік тәжірибемен ұштастыру және еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеу қағидаларымен таныстыру.

Филиал директоры Арнұр Дәденұлы Құрманғали университеттің кафедра меңгерушісі Айгүл Әкімжанқызы Мәкенова бастаған бір топ студентті Қордың негізгі қызметі, қаржы нарығындағы рөлі және цифрлық жобалары туралы хабардар етті.

Оқу-тәжірибелік сабақ барысында студенттер келесі бағыттармен танысты:

- Есеп және аудит: Зейнетақы активтерінің есебі мен ішкі бақылау жүйесі.
- Қаржылық сауаттылық: Зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және инвестициялық кіріс құрылымы.



• Мемлекеттік қызметтер: Салымшыларға көрсетілетін қызмет түрлері мен БЖЗҚ мобильді қосымшасының жұмысы. Филиал мамандары студенттерге арнайы экскурсия ұйымдастырып, бөлімдердің күнделікті жұмыс барысын көрсетті. Тәжірибе соңында студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алып, алған әсерлерімен бөлісті. Мұндай іс-шаралар жоғары оқу орны мен жұмыс берушілер арасындағы тығыз байланысты арттырып, студенттердің кәсіби біліктілігін шыңдауға зор септігін тигізеді.

МЕНШІК ИЕСІ: «Желтоқсан и К» ЖШС	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж Газет аптасына бір рет жарық көреді	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11			
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

ЖОЛ КАРТАСЫН ӨЗІРЛЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кезекті Үкімет отырысында көктемгі егін егу жұмыстарының қорытындысы мен агроөнеркәсіп кешенінің дамыту мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына бірқатар маңызды тапсырма жүктетті.

—Соңғы жылдары аймағымызда вегетациялық кезең күрделі су тапшылығы жағдайында өтуде. Мемлекет басшысының суды көп қажет ететін дақылдар көлемін оңтайландыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес биыл күріш егісінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға қысқартылып, 70 мың гектарға егілді. Қысқартылған күріш алқаптарының орнына суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары дақылдар егу қолға алынды.

Өсімдік шаруашылығын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу үшін алдағы үш жылға 34 млрд. теңгеден астам қаржы қарастырылған. Биыл оның 10 млрд. теңгеге жуығы бөлінді. Осыған байланысты 2028 жылға дейін егіс алқаптарын әртараптандырудың Жол картасын өзірлеуді тапсырамын, — деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Биыл облыста 185 800 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде 70 мың гектарға күріш егіліп, суға бастырылды. Сондай-ақ 10 мың гектарға жүгері, 9,7 мың гектарға басқа да дәнді дақылдар себілді.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында ылғал үнемдеу технологиялары енгізілген алқап көлемі 14 200 гектарға жетті. Егістіктердегі су шығынын азайту үшін 65 мың гектар күріш алқабы лазермен тегістелді.

Облыстың мал шаруашылығы саласында да тұрақты өсім қалыптасып, өндірілген өнім көлемі артып келеді. Қазір агроөнеркәсіп кешеніндегі жалпы өнімнің 30 пайыздан астамы мал шаруашылығының үлесіне тиесілі.

Жыл басынан бері өңірде 11,7 мың тонна ет және 13,4 мың тонна сүт өндірілді. Бұл көрсеткіштерді одан әрі арттыру мақсатында екі жобаны іске қосу жоспарлануда. Атап айтқанда, жылына 3 500 тонна ет өндіретін құс фермасы мен сүт өндіретін ферма пайдалануға беріледі.

Жалпы, аймақта асыл тұқымды ірі қара саны 18,1 мың, асыл тұқымды қой саны 252, 7 мың, жылқы саны 3,3 мың, ал түйе саны 700 басқа жетті.

ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРДІҢ АЛМАТОВЫ...

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, белгілі жырау, фольклортанушы ғалым Алмасбек Алматывпен кездесті.

Кездесуде Сыр өңірінде атадан балаға мұра болып қалған жыраулық, жыршылық өнердің дамуы, жастарды ұлттық өнерге баулу жайы әңгіме өзегіне айналды.

Аймақ басшысы қазақтың дәстүрлі өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қайраткердің ұлттық мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерттеп, кәсіби білім беру жүйесіне енгізіп, шәкірт тәрбиелеген еңбегін ерекше атап өтті.

Ғалым ұстаз қазақтың дәстүрлі өнерін әлем жұртшылығына насихаттауда да жемісті еңбек етті. АҚШ, Франция, Италия, Швейцария, Ұлыбритания, Египет, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде өнер көрсетіп, ұлттық мәдениетіміздің халықаралық деңгейде танылуына үлес қосты.

атап өткені белгілі.

Бүгінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында, Қазақ ұлттық өнер университетінде және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде кәсіби жыршы-жыраулар даярланып келеді. Олар халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанған.

Өткен жылы «Өнер орталығында»



Тәуелсіздік жылдарында жыраулық өнер академиялық білім беру жүйесіне енгізіліп, «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы ашылды. Алмасбек Алматыв тәрбиелеген шәкірттер Сыр өңіріндегі мақам-саз ерекшеліктеріне негізделген мектептерді бүкіл елімізге танытты.

Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында: «Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды саңлақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі» деп

Алмасбек Алматывтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Жыр керуені» шығармашылық кеші өтті. Кеште сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы жырауға Сыр жұртшылығы атынан құрмет көрсетіп, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен автокөлік кілтін табыстады.

Анкара музыка және көркем өнер университеті «Дәстүрлі өнер» мамандығының докторанты Малика Алдамжароваға, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер: Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанттары Күнсулу Түркіпен мен Ақерке Дабыловаға айына 300 мың теңге стипендия тағайындады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУГЕ УАҒДАЛАСТЫ

Өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында 550 гектар аумақта «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Қазір экономикалық қызметтің 18 басым түрі айқындалған. Атап айтқанда құрылыс материалдарын өндіру, машина жасау, электр жабдықтарын шығару, логистика және қоймалау, химия өнеркәсібі, автокөлік және авиациялық техника өндірісі сияқты бағыттар бар.

Сонымен қатар Қызылорда облысында индустриялық инфрақұрылымды дамытуда нақты жұмыстар атқарылуда. Бүгінде облыста жалпы көлемі 515 гектардан асатын 6 индустриялық аймақ жұмыс істейді, оларда 112 млрд. теңгенің 37 жобасы іске қосылып, мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. «Өндіріс» индустриялық аймағында құрылыс материалдары, шыны өндірісі, керамика және өнеркәсіптік өнім шығару жобалары нәтижелі жүзеге асуда.

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «China State Construction Engineering Corporation» компаниясының өкілдерімен кездесті. Бұл – әлемдегі жетекші құрылыс және инфрақұрылымдық компаниялардың бірі.

Кездесуде өңірдің инвестициялық әлеуеті, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, сондай-ақ жаңа өндірістік жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ кездесуде тараптар индустриялық паркттер салу, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, өндірістік және логистикалық нысандарды жандандыру бағытындағы ынтымақтастықты кеңейтуге уағдаласты. Өзара тиімді әріптестікті дамыту және бірлескен инвестициялық жобаларды одан әрі жалғастыру жоспары нақтыланып, аталған компания өкілдері Сыр өңіріне іссапармен келуге ниет білдірді.

ВОКЗАЛ ЖАҢАРАДЫ, КӨПІР САЛЫНАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, ел ағалары аудандарға жаңадан салынып жатқан вокзалдарды аралап көрді.

Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде теміржол вокзалының және «Қызылорда-Жалағаш» трассасының Тереңөзек кенті тұсындағы көпір құрылысымен танысты.

Вокзал құрылысына тапсырыс беруші – «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Қызылорда магистральдік желі бөлімшесі» филиалы, бас мердігер – «Р и А-Сервис ЛТД» серіктестігі, жалпы жобалық құны 695 млн. теңге.

Бүгінде перрондағы брусчатқалар демонтаждалып, төменгі іргетасы құйылған. Плита жабындылары орнатылып, ғимараттың ішкі бөліктеріне кірпіш қаланды. Қабырғаларын әрлеу, қатты травертинмен қаптау және пер-

инфрақұрылымын дамытуға серпін беріп, қауіпсіз әрі қолайлы жол қатынасына жағдай жасайды.

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Жалағаш ауданына жұмыс сапары кезінде ел ағаларымен бірге жаңадан салынып жатқан теміржол вокзалындағы жұмыс барысымен танысты.

Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздегі 124 вокзал жаңғыртылуда. Осы қатарға былтыр сол кездегі облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы аудан орталықтарындағы және Төретам, Сексеуіл станцияларындағы, яғни аймақтағы барлық вокзалдарды, Жаңақорған ауданындағы Талап бекетінің платформасын енгізген болатын.

Құрылыс өткен жылы басталған Жалағаш вокзалына 755,7 млн. теңге бөлінген. Жобаның бас мердігері «Р



ронды жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс біткеннен кейін Тереңөзек тұрғындарына, жолаушыларға қолайлы, жаңа теміржол вокзалы қызмет көрсетеді.

«Қызылорда-Жалағаш» облыстық маңызы бар автомобиль жолының 47,9 шақырымындағы көпірді күрделі жөндеу арқылы көлік қозғалысының қауіпсіздігін және жол инфрақұрылымының сапасын жақсарту көзделген.

1985 жылы салынған көпір толық жаңғыртылады, конструкцияларын күшейту, кірме жолдарды ретке келтіру және көлік қозғалысына қолайлы жағдай жасау жоспарланған. Көпір ұзындығы 30,43 метр, ал кірме жолдар 710 метр, құрылыс кезінде көлік қозғалысына кедергі келтірмес үшін 788 метр айналма жол салынған.

Қазір қада қағылып біткен, бетон құю, құм-қиыршықтас қоспасын төсеу және нығыздау жұмыстары жүргізілуде. Айналма жол бойына белгілер орнатылған.

Аймақ басшысы мердігер мекемелерге көпірді сапалы етіп салып, белгіленген мерзімде аяқтаудың маңыздылығын ескертті.

Аталған жобалар өңірдегі көлік

и А Сервис ЛТД» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Атап айтқанда, жолаушылар алаңына төсеніш тас төсеу және ғимараттың шатырын жабу толық аяқталған. Қазір нысанның ішкі қабырғаларын әрлеу, сыртқы қасбетін қаптау және аумақты абаттандыру жұмыстары қолға алынған.

Жаңа теміржол вокзалы аудан тұрғындары мен жолаушыларға сапалы қызмет көрсететін, аймақтың көлік инфрақұрылымын дамытуға оң ықпал ететін нысан болмақ. Сондай-ақ, заманауи талаптарға сай салынып жатқан вокзал Жалағаштың сәулеттік келбетін айшықтайтын көрікті ғимараттардың біріне айналмақ.

Осы ретте аймақ басшысы жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасына ерекше назар аударуды, нысанды белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

Өңірдегі вокзалдардың ең ескілерінің салынғанына бір ғасырдан астам уақыт болған. Соның бірі – «Арал теңізі» теміржол вокзалының құрылысы өткен жылы басталып, жобаға 1,5 млрд теңге қаржы бөлінді. Құрылыстың бас мердігері – «Технонастка-Ремсервис»

ЖШС. Жаңа ғимараттың жалпы ауданы 459,47 шаршы метр, ал биіктігі 4,2 метр.

Қазір мұнда металл конструкцияларын монтаждау, ішкі бөлігін сылау және әрлеу, сыртқы қасбетін қаптау жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс алаңында 25 жұмысшы еңбек етеді.

Жаңа теміржол вокзалы аудан тұрғындары мен жолаушыларға сапалы, қолайлы қызмет көрсететін, Арал қаласының сәулеттік келбетін айшықтайтын көрікті ғимараттың біріне айналмақ.

Нысанды аралаған кезде облыс әкімі жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасына қатысты міндеттер жүктеп, жұмысты белгіленген мерзімде аяқтауды, уақытылы пайдалануға беруді ескертті.

Сексеуіл теміржол вокзалы құрылысының жобасы «Қазақстан Темір жолы» ҰК» АҚ тапсырысымен жүзеге асырылуда. Бас мердігер «Технонастка-Ремсервис» серіктестігі қолға алған жобаға 700 млн. теңге бөлінген.

«ҚАЗГЕРМҰНАЙМЕН» КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Қазгермұнай» БК» ЖШС өкілдерімен кездесті. Кездесуде өңірдің мұнай-газ саласын дамыту, әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы компанияның және оның еншілес ұйымдарының облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзіндік орнын ерекше атап өтті.


Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ: — «ҚазМұнайГаз» акционерлік қоғамы **Қызылорда облысында бірқатар ауқымды жұмысты жүзеге асырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келеді. Алдағы уақытта да тиімді әріптестік негізінде маңызды жобаларды бірлесіп іске асырып, ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтамыз деп сенемін.**

Кездесуде компанияның әлеуметтік жауапкершілік аясында атқарған жұмыстары жоғары бағаланды. Атап айтқанда, «Қазгермұнайдың» демеушілігімен 2,5 млрд. теңгеге салынған «Оқушылар сарайы» бүгінде балалар игілігіне қызмет етуде.

Бұдан бөлек мұнай-газ саласындағы инфрақұрылымдық жобалар жайы талқыланды. 2022 жылы өңірдегі ірі мұнай компаниялары мен Энергетика министрлігі арасында «Қазгермұнай» компаниясының «Оңтүстік Ақсай» кен орнындағы шикі газ өңдеу зауытына дейін газ құбырын жеткізу жөніндегі меморандумға қол қойылған болатын.

Қазір «Казнефрод Групп» және «Тұзкөл Мұнайгаз Оперейтинг» серіктестіктері құбыр құрылысын аяқтап, газ жеткізуді бастаған. Бұл өңделетін газ көлемін арттырып, өңір экономикасының дамуына оң әсерін тигізеді.

"ҚАРЛАҢ" КӨПІРІНІҢ ҚАМЫ



Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және ел ағалары Қазалы ауданындағы "Қарлаң" көпірінің құрылысымен танысты.

«Қазалы-Қожабақы-Бозкөл-Кәукей» автомобиль жолының 16-шақырымында орналасқан Қарлаң учаскесіндегі Сырдария өзені арқылы өтетін темір-бетон көпір құрылысы қарқынды жүргізілуде.

Жоба өңірдің көлік инфрақұрылымын дамытуға, елді мекендер арасындағы қатынасты жақсартуға және жол қауіпсіздігін арттыруға бағытталған. «Нұрлы-Тау ЛТД» серіктестігі салып жатқан көпірдің ұзындығы – 248,29 метр, 6,3 млрд теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Толық аяқталғаннан кейін ауданаралық көлік қатынасы тұрақтанып, логистикалық байланыс едәуір жақсарды. Облыс әкімінің құрылыс сапасын назарда ұстап, белгіленген кестеге сәйкес аяқтаудың маңызын атап өтті. Мердігер мекемеге барлық талапты қатаң сақтай отырып, көпірді уақытылы пайдалануға беру міндеті жүктелді.

САБАҚТАСТЫҚ:

НӘЛІБАЕВ БАСТАМАСЫ – ЕРГЕШБАЕВ НЕСІБЕСІ

АМАНӨТКЕЛ АУЫЛЫНДА 150 ОРЫНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, Арал ауданына жұмыс сапары барысында Аманөткел ауылындағы 150 орындық мәдениет үйінің ашылу рәсіміне қатысып, ауыл ақсақалдарымен кездесті.

Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және ел ағалары, ардагерлер, ауыл тұрғындары қатысты. Өңірде 2022-2026 жылдары 200-

кезеңімен жүзеге асуда.

Сексеуіл кентінде «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясының демеушілігімен «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» іргетасы қаланды. Сонымен қатар Шижаға ауылында жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Абай елді мекені орталықтандырылған ауызсу жүйесіне қосылды.

Аймақ басшысы мәдениет ел руханиятының тірегі екенін атап өтіп,

Кейінгі жылдары Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен мәдениет саласында ауқымды жұмыс атқарылды. Жаңашылдықтар ауыл клубтарын, облыс орталығындағы мәдениет мекемелерін түгел қамтыды. Төрт жылда 55 млрд. теңгеге жуық, биыл 6 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Барлық ауданда «Руханият орталықтары» бой көтерді. Қызылорда қаласында «Өнер орталығы», «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы» салынып, халыққа қызмет етуде. Тарихи-өлкетану музейі, «Достық үйі» пайдалануға берілді. Балалардың шығармашылық, зияткерлік әлеуетін арттыру мақсатында «Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы ашылды. Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес жаңа драма театрдың, Президенттік кітапхананың құрылысы басталды.



ден астам әлеуметтік нысан салынып пайдалануға берілді. Оның ішінде 22 мәдениет нысаны ел игілігіне қызмет етуде.

Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Бүгінде Арал ауданында тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жобалар кезең-

жаңа Мәдениет үйі ауылдың тыныс-тіршілігіне серпін беретініне тоқталды.

– «Мемлекет басшысы «Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі», – деген болатын. Мәдениет – елдің рухани тірегі, ұлттың ұлы мұрасы. Жаңа мәдениет үйінде дәрiптелген ұлттық құндылықтарымыз арқылы рухани қазынамыз толығады деп сенемін. Жаңа нысан

жастарымыздың талантын ұштауға қызмет ете берсін! Ауыл тұрғындарына жаңа тыныс сыйлап, мәдени жаңғырудың орталығына айналсын», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен жаңа нысанды салған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Мемлекет және қоғам қайраткері Биғали Қаюпов сөз сөйлеп, ауыл ақсақалы Шыңдалы Әбдіраманов батасын берді.

ШИЖАҒАДА ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және ел ағалары Шижаға елді мекеніндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысты.

Соңғы жылдары өңірде әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілді. Нәтижесінде 2022-2026 жылдары 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерді. Оның 25-і - спорт нысаны.

Аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, спорт саласындағы жетістіктерді атап өтті. – «Президентіміз Үкімет пен облыс әкімдеріне мемлекет қолдауын тиімді, мақсатты пайдаланып, ауыл халқының табысын арттыру міндетін қойды.



МЕН ЧЕМПИОН БОЛАМЫН!

Өткен жылы Президент қолдауымен Қызылорда қаласында 11 мың орындық стадион, «Теннис орталығы» және инклюзивті спорт кешені пайдалануға берілді. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиели және Жалағаш аудандарында спорт кешендері ашылды. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен құрылған 80 спорт-ойын алаңы балалар игілігіне айналды. Бүгінде облыс орталығында «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені, «Қайсар» футбол клубының академиясы салынауда.

АРАЛ АУДАНЫ АБАЙ ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ АУЫЗСУ ЖЕТКІЗІЛДІ.


Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер Арал ауданы Абай елді мекеніне ауызсу қосу рәсіміне қатысты.

Жоба Мемлекет басшысының тапсырмасымен мемлекетке қайтарылған актив қаражаты есебінен 8 млрд. теңгеден астам қаржыға жүзеге асты.

Даму бюджеті соңғы 4 жылда 4,3 есеге артты. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті мәселелерін шешуге, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды.

Бүгінде облыс тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауызсумен қамтылған.

Жыл соңына дейін 10 елді мекенді газдандырып, халықты көгілдір отынмен қамту деңгейін 85 пайызға жеткіземіз.



Бүгінде Абай елді мекеніне дейінгі 51 шақырым және елді мекенішілік 32,9 шақырым ауызсу желісі тартылып, 297 су құдығы орнатылды. Сонымен қатар, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге су апару үшін 400 ыңғару нүктесі монтаждалды. Енді Абай елді мекенінің тұрғындары сапалы ауызсумен тұрақты қамтамасыз етіледі.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді атап өтті.

– «Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен, Нұрлыбек Машбекұлының тиімді ұйымдастыруымен облыс бюджеті 809 млрд. теңгеге жетіп, 2021 жылмен салыстырғанда 2 есе ұлғайды.

пен шаттық әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада қоғам қайраткері Имамадин Оңғарбаев сөз сөйлеп, ел ағасы Иманбай Әйтімов ақ батасын берді.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азаматтар мен ауылға ауыз су тартқан мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



Бүгінде Арал ауданында серпінді жобалар сәтті жүзеге асуда. Күні кеше Аманөткел ауылындағы 150 орындық мәдениет үйінің жаңа ғимаратын ел игілігіне табыстадық. Бүгін Сексеуіл кентінде «Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясының демеушілігімен 1 млрд. теңгеге салынатын «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» іргетасын қаладық.

Сонымен қатар, Абай елді мекенін орталықтандырылған сапалы ауызсуға қосамыз. Осындай игі істердің жалғасы ретінде Өздеріңізбен бірге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған Шижаға ауылындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенін табыстаймыз.

Жаңа спорт кешені дені сау ұлт қалыптастыруға қызмет етіп, осы жерден әлемдік ареналарда Қазақстанның көк Туын көкте желбірететін чемпиондар шығады деп сенеміз», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде қоғам қайраткері Айтбай Көшербай сөз сөйлеп, Аққум ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақытжан Смутуллаев ақ батасын берді. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар мен ғимарат құрылысын сапалы салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

ҚАРЖЫ ҚҰЯР МА ЕКЕН?..

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ президенті Чэнь Даю және компанияның бас директоры Чжун Фэйчаомен кездесті. Кездесуде өңірдің инвестициялық әлеуеті, тау-кен металлургия саласын дамыту перспективалары талқыланды.

Аймақ басшысы облыстың минералды шикізат қорының көлемі инвестиция тартуға мол мүмкіндік беретінін атап өтті. Бүгінде өңір жаңартылатын энергия көздерін дамытуға қажетті стратегиялық маңызы бар пайдалы қазбаларға бай. Қазақстандағы ванадий қорының 66 пайызы, мырыштың 16 пайызы, қорғасынның 11 пайызы және уранның шамамен 15 пайызы осында шоғырланған.

Кездесуде «Шалқия Цинк» АҚ-ның полиметалл кен орнын игеру жобасына ерекше назар аударылды. Бұл кен орны мырыш қоры бойынша әлемдегі ең ірі бестікке кіреді, жалпы қоры 104 млн. тонна.

Жоба аясында жылына 4 млн. тонна кен өндіретін жерасты кеніші іске қосылып, 1500 жаңа жұмыс орны ашылады.

Жалпы инвестиция көлемі 414,7 млрд. теңге. Қазіргі уақытта жерасты шахтасының құрылысы мен қажетті инженерлік инфрақұрылым нысандары толық аяқталған. Алдағы жылы заманауи тау-кен байыту комбинаты мен қалдық сақтау қоймасының құрылысын бастау жоспарланып отыр.

Кәсіпорын іске қосылғаннан кейін ішкі және сыртқы нарықта суранысқа ие концентраттарды тұрақты өндіреді. Сонымен қатар өңірдегі энергетика, логистика және машина жасау салаларының дамуына серпін беретін ірі өндірістік орталықтың біріне айналмақ.

ЕРГЕШБАЕВ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов және ел ағалары Сексеуіл кентіндегі 100 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» іргетасын қалау рәсіміне қатысып, тұрғындармен кездесті.

Аймақта 2022-2026 жылдары 200-ден астам әлеуметтік нысан бой көтерді. Білім беру саласында, жеткіншектерге қосымша білім беру инфрақұрылымын дамытуда ауқымды жұмыс атқарылып, 46 заманауи білім беру нысаны ел игілігіне табысталды.

Іргетасы қаланған «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектебінің» құрылысына «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы демеушілік етеді.

Жас жеткіншектердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға маманданған мұндай орталықтар кейінгі жылдары Жалағаш, Жаңақорған және Шиели аудандарында салынып, жас ұрпақ игілігіне айналған болатын.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын көптен күткен игілікті істің басталуымен құттықтады.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау – мемлекетіміздің басты міндеті», – деп атап өтті. Бүгін іргетасы қаланатын жаңа білім ордасынан алдыңғы буынның жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол. Бұл – балаларымызға заманға сай жаңа дағдыларды үйрететін, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыратын, асқақ армандарға қанат қақтыратын бірегей нысан болмақ. Санасы сергек, ұшқыр ойлы, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болсын! Егемендігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада ел ағасы Имамадин Оңғарбаев сөз сөйлеп, ардагер Қазі Әйімбетов батасын берді.

Президент бастамасымен өңірде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынды. Сонымен қатар физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы пайдалануға берілді. «Оқушылар са-



райы» мен «Сыр жұлдыздары» академиясы бой көтерді. Қызылорда қаласында жыл бойы жұмыс істейтін заманауи лагерь, Ботаникалық білім беру орталығы ашылды.

Рәсімнен кейін облыс әкімі тұрғындармен кездесті. Онда өңір үшін маңызды инфрақұрылымдық жобаның бірі – «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысы басталатындығы айтылды. Жол Бейнеуден емес, Сексеуілден басталады.

Бұдан бөлек, тұрғындар ұзақ уақыттан бері көтеріп келе жатқан Сексеуіл кентіне кіреберіс автомобиль жолының жай-күйі де сөз болды. Халықтың ұсыныс-тілегіне сәйкес, бұл жолға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесі қаралып, тиісті шара қабылданатын болды.

Кездесуде тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстары тыңдалып, елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

ЕРГЕШБАЕВТЫҢ ЕЛГЕ САПАРЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев, қасында облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов бар, сондай-ақ ел ағалары қосылып іс-сапармен бірқатар аудандарға барды.

Алдымен Сырдария ауданының Аманкелді, Жетікөл, Айдарлы ауылдарына жұмыс сапарымен барып, тұрғындармен және аудан активімен кездесті. Онда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қорытындылары мен алдағы міндеттер талқыланды.

Жақында ауданда ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеретін

жетіп, өсім көрсетті. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 21,3 млрд. теңге, жыл басынан бері 6 732 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Шағын және орта кәсіпкерлік саласы да тұрақты дамып келеді, ауданда 2 368 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, оның 98,3 пайызы белсенді жұмыс істейді.

Кездесуде ақсақалдар ұсыныс-пікірлерін білдіріп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелерді көтерді.

Облыс әкімі барлық ұсыныс назарға алынатынын және көтерілген

тапсырма берілді.

Аймақ басшысы «Руханият» орталығында ауданның белсенді жастарымен кездесіп, олардың тың жобалары таныстырылды.

Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 120,0 пайызға орындалып, 12 млрд. 269 млн. теңгенің өнімі өндірілді. Ал инвестиция көлемі 8 млрд. 290 млн. теңге болып, есепті кезеңмен салыстырғанда 122,7 пайызға жетті.

Ауыл шаруашылығы саласында да өсім байқалады. Нақтырақ айтсақ, биыл жалағаштық шаруалар 42 178 гектарға егін екті, күріш көлемі 16 800

реконструкциялау жобасы аясында қайта жаңғырту көзделген. Аталған жоба бойынша техника-экономикалық негіздемеге оң қорытынды алынған.

Жөндеу барысымен танысқан аймақ басшысы жол сапасына қатысты жауапты сала жетекшілері мен мердігер мекеме жұмысын қатаң сынға алды. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-на тез арада жол-көлік қозғалысын ретке келтіруді, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауды, жұмысшылар санын көбейтуді қатаң тапсырды.

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Арал ауданына жұмыс сапары аясында «Руханият орталығында» аудан активімен кездесті. Онда өңірдің, ауданның әлеуметтік-экономикалық даму бағдары мен алдағы міндеттер талқыланды.

Мемлекет басшысы Қызылордадағы Ұлттық құрылтайда жылдар бойы атқарылған жұмыс нәтижесінде Кіші Арал теңізінің қалпына келе бастағанын айрықша атап өтті.

Сонымен бірге «Бейнеу – Сексеуіл» бағыты бойынша жол құрылысының биыл басталатынын, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы бөлігін төрт жолаққа кеңейту

туғызған.

Аталған мәселеге қатысты Арал ауданының әкімдігі мен «РІҚУ-Қызылорда» ЖШС өкілдері түсіндірме берді. Олардың айтуынша, газ төлемі есептегіш құралдардың нақты көрсеткіштері негізінде есептеледі. Ал көрсеткіштер уақытылы ұсынылмаған немесе есептегіштің тексеру мерзімі өтіп кеткен жағдайда, төлем қолданыстағы нормативтерге сәйкес жүргізіледі.

Сондай-ақ тұрғындарға есептегіш құралдарының тексеру мерзімін бақылауда ұстап, көрсеткіштерді уақытылы жолдау қажеттігі түсіндірілді. Есептегіш тексеріліп, нәтижесі дұрыс болса заңнамаға сәйкес қайта есептелуі мүмкін.

Қазалы ауданына жұмыс сапары аясында Жанкент ауылының тұрғындарымен кездесіп, «Руханият орталығында» аудан активі өткізді.

Кездесуде өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму нәтижесін мен алдағы негізгі міндеттер талқыланды.

Аймақ басшысы аудан әкімдігіне инвестиция тарту жұмыстарын жандандыруды, су үнемдеу технологияларын тиімді пайдалануды, құрылыс сапасын мен мерзімін қатаң бақылауды, инфрақұрылымдық жобалардың уақытылы аяқталуын



ауқымды инвестициялық жоба – жүгері дақпын терең өңдеу зауытының алғашқы кезеңі іске қосылды. Алда бұдан да басқа жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, салық базасын ұлғайту міндеті тұр.

Аймақ басшысы шаруашылық каналдарын бетондау жобасын жедел әзірлеуді, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайтуды тапсырды. Құрылыс сапасын бақылаудағы кейбір мәселелерге тоқталып, болашақта салынатын нысандарды бастан-аяқ қатаң бақылауды жауапты мамандарға жүктеді.

Бүгінде Сырдария ауданын газдандыру деңгейі 67 пайыз, Шіркейлі және Қоғалыкөл ауылдарына табиғи газ жеткізуге қаржы бөлінді. Бұл жұмыс мерзімінде әрі сапалы атқарылуы тиіс.

Бесарық ауылын газдандыру жобасы дайын. Ендігі кезекте демеушілерді тарта отырып, қалған ауылдардың жобасы әзірленуі керек.

Кездесуде электр желілеріндегі апаттың алдын алу, жедел шара қабылдау, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыруға қатысты тапсырмалар берілді.

Сырдария ауданындағы 2024 жылы пайдалануға берілген полигонда қалдықты қабылдау, сұрыптау және залалсыздандыру процестері талапқа сәйкес болуы тиіс. Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп назардан тыс қалмауы қажет.

Биылғы төрт айда аудан экономикасында оң өсім қалыптасты. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 38 млрд. теңгеден асып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай артты.

Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім көлемі 4,6 млрд. теңге, ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлемі 2,2 млрд. теңгеге

мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін атап өтті.

Содан кейін Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен барып, М.Шәменов, Қаракеткен, Аққұм ауылдарының тұрғындарымен және аудан активімен кездесті.

Жиында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері, бағдарланған ауқымды жобалар талқыланды.

Қаракеткен ауылында іске қосылған «Харвест Агро» агроиндустриалды кластерінің алғашқы кезеңі – аудан экономикасына айрықша серпін беретін жоба.

Аймақ басшысы аудан әкімдігіне қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануды, инвестицияның басқа да көздерін іздестіруді, салық базасын ұлғайтуды тапсырды.

Шаруашылық құрылымдарымен бірге каналдарды бетондау жобаларын әзірлеу, оларды тез арада қаржыландыруға ұсыну, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайту да назардан тыс қалмауы тиіс.

Сонғы төрт жылда Жалағаш ауданында 192 пәтер салынды. Салаға жетекшілік жасайтын аудан әкімінің орынбасары, құрылыс бөлімінің басшысы әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің сапасын қатаң бақылауы керек.

Жалағаш ауданында газдандыру деңгейі 53 пайыз, Қаракеткен және Бұқарбай батыр ауылдарына газ тарту жобасы әзірленген, Аққұм және Мәдениет бағытындағы ауылдарға жоба дайындауға демеушілерді тарту тапсырылды.

Мәжілісте электр желілеріндегі апатты болдырмаудың жедел шараларын қабылдау, тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару мәселелері де талқыланып, тиісті

гектар.

Ауданда 2 531 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 97,3 пайызы тұрақты жұмыс істейді.

Арал ауданындағы жұмыс сапары кезінде Қамыстыбас ауылдық округіне барып, ондағы «Аққұмшық» жағажайының қазіргі тыныс-тіршілігімен танысты.

Өңірдегі туризмді дамытуда ерекше маңызға ие демалыс аймағы «Арал геопаркі» жобасына енгізілген. Соның нәтижесінде өткен жылы бұл аймаққа 100 мыңға жуық адам қызығушылық танытып келген. Аумағы екі гектар демалыс аймағында бүгінде 21 кәсіпкер келушілерге сапалы қызмет көрсетуде, 110 демалыс үйі қамтылған.


Сонымен қатар жаяу жүргіншілер жолы салынған, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнекамералар орнатылған. Демалушыларға арнайы орындар мен үш волейбол алаңы да жасалған.

Облыс әкімі келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, қызмет көрсету сапасын жақсарту тәсілдерін тапсырды.

Бұдан кейін Мұрат Нәлқожаұлы «Самара-Шымкент» тас жолындағы орташа жөндеу жұмыстарымен танысты. Өткен жылы «Қарабұтақ – Қызылорда – Шымкент» республикалық маңызы бар автомобиль жолының Әйтеке би кенті мен Арал қаласы аралығындағы учаскесін орташа жөндеу қажеттігі туындаған болатын.

Осыған байланысты биыл «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ 9,5 шақырым жолды қолға алды. Жауапты мердігер – «Арал Құрылыс» ЖШС, жұмыс жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Сонымен қатар «Қызылорда – Сексеуіл» автомобиль жолын



жобасы қолға алынатынын айтты.

Ерекше атап өту қажет, «Бейнеу – Сексеуіл» автожолының жалпы ұзындығы 559 шақырым, оның 189 шақырымы Арал ауданының Сексеуіл, Қосаман, Ақеспе, Ақбасты және Құлланды елді мекендері арқылы өтеді.

Аймақ басшысы ауданның туристік әлеуетін тиімді пайдалану және оны нақты жобаға айналдыру қажеттігін тоқталды. Туристерге қолайлы орта қалыптастыру, сервистік қызмет сапасын арттыру, кәсіпкерлерді осы салаға тарту және қызмет көрсету мәдениетін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек.

Сонғы төрт жылда барлық ауданда жаңадан 1 800-ге жуық, Арал ауданында 310 пәтер пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылысы биыл да жалғасады. Осыған байланысты құрылыс сапасына қатаң бақылау жүргізу және дайындықты уақытылы ұйымдастыру тапсырылды.

Ауданды газдандыру деңгейі 72 пайыз, Арал қаласы, Сексеуіл және Жақсыкылыш кенттері, Қамыстыбас және Аққұм ауылдық округтеріне табиғи газ қосылған. Қалған елді мекендерге газ жеткізуді кезең-кезеңімен жалғастырып, тиісті шаралар қабылдау міндеттелді.

Аймақ басшысы актив отырысынан кейін аудан тұрғындарын жеке қабылдады.

Қабылдауда Арал қаласында ақпан айынан бері табиғи газ төлемінің артық есептелуіне қатысты мәселе көтерілді. Бұл тұтынушылар наразылығын

қадағалауды тапсырды.

Соңғы төрт жылда Қазалы ауданында 280 пәтер тұрғындар игілігіне берілді. Осы ретте салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасары мен құрылыс бөлімінің басшысы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар құрылысының сапасына ерекше назар аударып, тұрақты бақылауы қажет.

Қазалы ауданын газдандыру деңгейі бүгінде 75 пайызға жеткен. Биыл Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл және Түктібаев елді мекендерін газдандыруға республикалық бюджеттен 680 млн. теңге бөлініп, жұмыс басталды. Сонымен қатар құжаттары дайын алты ауылды газдандыру жобасын энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен, салалық министрліктермен бірлесіп үйлестіру тапсырылды.

Аудандағы маңызды инфрақұрылымдық жобалардың бірі – «Қарлаң» көпірінің құрылысы. Былтыр оған 6,3 млрд. теңге, биыл облыстық бюджеттен 2,2 млрд. теңге бөлініп, жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілуде. Мұрат Нәлқожаұлы жауапты сала басшыларына жұмыс барысын тұрақты бақылауды, белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

Әрі қарай аймақ басшысы «Руханият орталығында» ауданның бейнесін жастарымен кездесіп, олардың тың жобаларымен танысты.

БУСЫГИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ергешбаев Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгинмен кездесті. Кездесуде Байқоңыр қаласының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын жетілдіру мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы мемлекеттік органдарының бірлескен жұмысы нәтижесінде «Байқоңыр» кешенінде маңызды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Жыл басында Байқоңыр қаласында әрқайсысы 50 пәтерлік бес тұрғын үй пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта сумен жабдықтау және су бұру жүйелері жаңғыртылуда. Жоба коммуналдық инфрақұрылымның сенімділігін арттырып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы да аяқталуға жақын, нысанды шілде айында пайдалануға беру жоспарланған. Келесі оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасының білім беру стандартымен аралас мектеп ашу мақсатында №7 мектеп ғимаратын облыстық білім басқармасының қарамағына беру жұмыстары жүргізілуде.

Кездесуде тараптар алдағы уақытта да өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастырып, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін жеткізді.

ӘЛЕМГЕ ТАНЫМАЛ БЛОГЕРЛЕР ҚЫЗЫЛОРДАМЕН ТАНЫСТЫ



Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов облыс әкімінің орынбасарларымен бірге Қызылорда қаласына арнайы келген әлемге танымал блогерлер Дастан Мұхамедрахым мен Джо Хаттаба (HATAB JENAD JAMAL TAWFIQ) қайта жаңғыртылған Президент саябағын таныстырды.

Қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалыс орындарының біріне айналған Президент саябағының аумағында заманауи субұрқаттар, амфитеатр, спорт және ойын алаңдары, би және шахмат аймақтары, баскетбол мен футбол алаңдары орналасқан. Сондай-ақ мұнда биіктігі 50 метрлік айналмалы шолу дөңгелегі, велосипед және жүгіру жолақтары, санитарлық пункттер салынған.

Жалпы аумағы 31 гектар саябаққа 2 мыңнан астам ағаш, 50 мыңнан астам сәндік бұта және 17 түрлі көпжылдық гүл егілген.

Саябақ аумағын тиімді пайдалану мақсатында бірқатар маңызды жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 300 орындық заманауи балалар лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы пайдалануға берілген. Сонымен қатар 8,2 гектар аумақта тоғыз кабатты 15 тұрғын үй салынып жатыр. Бұдан бөлек, 200 тәсілдік жаңа перинаталдық орталық, жаңа драма театр және заманауи Президенттік кітапхана бой көтеруде.

Кездесуде қонақтарға өңірдің туристік әлеуеті, Қызылорданың әлеуметтік-экономикалық

даму қарқыны және қаладағы ауқымды инфрақұрылымдық жобалар таныстырылды.


Джо Хаттаба – халықаралық деңгейде кенінен танылған араб тревел-документалисі, режиссер, бейнеграф және YouTube блогері. Қазіргі уақытта оның әлеуметтік желілердегі жалпы аудиториясы 25 миллионнан асады.

Ол жай ғана туристік орындарды таныстыратын блогер емес, деректі фильмдер түсіретін контент авторы ретінде де танымал. Шығармашылығының негізгі бағыты – сирек мәдениеттер мен әлемнің шалғай өңірлеріндегі адамдардың өмірін көрсету. Джо Хаттаба Эверест тауларындағы шерпалардың тұрмысы, Амазонка джунглилеріндегі тайпалардың өмір салты, сондай-ақ әлемдегі ең оқшауланған мемлекеттердің бірі саналатын Солтүстік Корея мен Куба туралы бірегей жобалар әзірледі.

Сонымен қатар ол түрлі елдердегі ерекше кәсіп иелерінің өмірін, тағдырлы адамдардың оқиғаларын және экология, кедейлік секілді жаһандық мәселелерді арқау еткен деректі фильмдерімен танылған. Блогердің Joe Hattab Production жеке медиа өндірістік компаниясы жұмыс істейді. Ол түсірілім барысында ең заманауи техникалар мен дрондарды пайдаланып, бейнематериалдарына кинематографиялық стиль береді.

Джо Хаттаба халықаралық деңгейдегі бірқатар ірі компаниялардың, атап айтқанда Sony, Emirates, Samsung, Facebook және Google брендтерінің ресми амбассадоры болған. Оның Қазақстан, Сауд Арабиясы және Жапония туралы түсірген бейнежазбалары халықаралық аудиторияның қызығушылығын арттырып, аталған елдерге шетелдік туристер ағынының көбеюіне ықпал еткен.

Кітапхана



ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ҚАСІРЕТ ҚАМЫТЫ

көлікті тартып алуынан басталады. Содан кейін күдікті әскери техниканы айдап кетеді де, - неткен жауыздық десеіші, шоғырланып тұрған қалың топтың ортасына қарай туралап салады.

Жақын қалған кезінде кенет қозғалтқыштың педальіне іште жатқан бір кірпішті қойып, көлікті әскерилердің қоршауына бағыттап, өзі кабинадан секіріп түседі. Бұдан арғысы - белгілі. «Қатты жылдамдықпен келе жатқан автокөлік шет жақтағы әскерилерді басып өтеді, нәтижесінде сарбаз Қайсаров сол жерде жантөсілім етеді. Күдіктінің бұл әрекеті терроризм актісін жасау бойынша сараланды. Мадияр отбасындағы жалғыз бала болған. Осы жылы ол 20 жасқа толар еді», - деп толықтырды Бас прокуратура өкілі соңында сөзін.

Әлбетте, жауынгердің бұл ерлігі мен жанкештілігі мемлекет тарапынан жоғары баға

дететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, күдіктіні 17 жылға бас бостандығынан айырды», - делінген хабарламада.

Құқық қорғаушылардың анықтауларына, бұл қылмысты жасаушы 34 жастағы Қазыбек Құдайбергенов есімді қызылордалық азамат болып шықты. Сот 2022 жылғы 29 қарашада оны "жаппай тәртіпсіздікке қатысты", "қызмет міндетін атқарған әскери қызметкердің өліміне әкелетін қасақана іс-әрекетке барды" деп айыптады. Сонымен бірге айыпталушыдан «террорлық акт» бабы бойынша тағылған айыпты алып тастады. Алайда Құдайбергенов бұлардың бірде-бірін мойындамады. Ол үкім оқылып болған бойда көзіне еріксіз жас алып, есеңгіреп қалғандай тұр танытқан. Осы ретте сотталушының туыстары мен адвокаттары алты айға созылған сот процесінде судья негізсіз айыптар тағылғанына келтірілген айғақтарды ескермеді, процесті бірнәсіз айыптар сарынында өткізді деген мазмұнда реніш білдірді.

Біз, әрине, іспен етене таныс болмағандықтан соттың шешіміне баға

кигізіп тоқпен ұрғандарын, резеңке таяқпен зорлаймыз деп қоқан-лоқы жасағандарын, сосын өлтіреді деп қорыққандарын, бәрін өз мойнына алғанын айтып берді. Қазыбекпен отасқаныма тоғыз жыл болды, осы кезге дейін ол біреуді өлтірмек түгілі, бір ауыз ауыр сөз айтқан емес», - дейді Іңкәрім «Азаттық» радиосына берген жауабында.

Әйелінің айтуына, тергеу орындары Қазыбекке кінәлерді біртіндеп қосып отырған. Әдепкіде оған «жаппай тәртіпсіздікке қатысты», «кісі өлтірді» делінетін айыптар таққан. Кейінірек келе «кісі өлтіру» бабы «әскери қызметшіден кек алу мақсатында адамдар тобы болып бірігіп, асқан қатыгездікпен адам өміріне қол сұғу», «террорлық акт жасау» деген баптарға ауыстырылған. Мұның бәрімен келіспеген Іңкәрім сосын күйеуінің кінәсіз екенін дәлелдеу үшін оқиға болды деген жерге барып, өзінше зерттеу жасап көріпті. Сол маңдағы ғимараттарды, жанармай құю бекетін, Студенттер үйін, аурухананы аралап, сыртқы бақылау камераларының видеосын сұрайды. Бірақ ондағылар барлығын полиция алып кеткенін айтқан.

әрі қорғаушы. - Сотта сарапшы оның жарақаты болғанын айтты. Ал куәлар КамАЗ дөңгелегінің астында сол аяғы езіліп қалған дейді. Мәйітті ауруханаға «жедел жәрдем» көлігімен апарған. Олар «қабырғасы сынған» деген анықтама берген. Сүйекті мәйітханаға күндізгі сағат 11-де жеткізген. Бұл мерзім мекеме құжатына тіркелген. Ал баланың қайтыс болған уақыты сағат 14:00 деп көрсетілген». Осы жерде қаза тапқан сарбаздың туыстары сотта марқұмның сүйегі жуылып өкелінгендіктен, оны ашып қарамағандарын, бірден сол бойы жерлегендерін айтқандарын алға тартады. Міне, көзге ұрып тұрған осындай кереғарлықтар көптеп орын алған соң қарапайым халықтың сот билігіне көңілдері тола қоймайды, оған сенімін жоғалтады, мұның ақыры айналып келіп, елдің басты билігіне наразылықты күшейте түседі. Сондықтан сот үкімінде былайғы жұрттың өз күмәннен қарайтындай бірде-бір түсініксіз түйткіл болмауы тиіс деп ойлаймыз.

Біздіңше, мұндағы басты мәселе қасақана кісі өлтірген қылмыскердің шын мәнінде кім болғанында емес. Бар

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Мен осы бүлікшілердің бүлкіліне ергендердің бәрі бірдей надан қара тобырдың өкілдері емес екеніне сенімдімін. Олардың арасында өзін әркез рухани жағынан байытып жүрген жас жеткіншектердің аз болмағанына да қазір иманым көміл. Тіпті бұлардың кейбірі Абайдың "Адамды сүй, Алланың хикметін сез, не қызық бар өмірде одан басқа" деген өмірі өлмес өсиетінен хабардар екенін де жоққа шығара алмаймын. Сөйте тұра, жеңілдемеде жын қуғандай желкілдеп жетіп келген жүгенсіз желіктің жетегіне көніп кеткенін өздері де сезбеді. Менің соған ішім удай ашиды. Осындайда тағы ұлы ақын еске түседі.

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Өуре етеді ішіне құлық сақтап, Өзіңе сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Хәкім Абайдың осы бір шумақ өлеңінің астарында да аспаңдай ақыл-ой жатыр ұғынғанға. Міне, ақкөз ақилық айбынды ақылды жеңіп кеткенде оның соңы не боларын да осы Қаңтар қырғыны күндері бізге көзге ұрып тұрып анық көрсетіп беріп кетті. Иә, сол тозғын топтың тоғты болып жүргендердің біразы мұндай қылмысты қимылдарға кеу-кеумен, басқалардан осал көрінгісі келмеген жалған намыспен барғандары тағы шындық. Сондықтан сын сағатта ақылға жүгініп, басалқалыққа ерік беру қаперлерінен жедел ұшты.

Енді сөз етіліп отырған нақты оқиғаға келейік. Мұнда бас кейіпкер болып саналатын ұлттық ұланның 19 жасар сарбазы Мадияр Қайсаров әскер сапына Қарағанды облысынан шақырылыпты. Ол колледж бітіргеннен кейін армияға барып келуге шешім қабылдапты. Мұны өзінің келешегі үшін керек қадам деп есептепті. Сол кезде Қызылордадағы №5547 әскери бөлімде қызмет атқарып жүрген. Ал қайғылы жағдай орын алатын 5 қаңтарда қатардағы жауынгер өзге қаруластарымен бірге шеруге шығушылардың сыртынан құрылған шеп сапын түзеп тұрады.

Куәлардың баяндауынша, осы топқа көше жақтан КамАЗ жүк көлігі кетті қарқынмен беттеп келе жатады. Сол уақта кері шегініп бара жатқандар қашып үлгермеген. Ал Мадияр қаруластары мен бейбіт тұрғындардың өмірлеріне шын қауіп төніп қалғанын жедел аңғарып, спортспортың алдынан жүгіріп шығып, оны тоқтатпақ болады, себебі, машинаның әскери бөлімге тиесілі екенін байқап қалады. Бірақ көлік қарқынын еш азайтпай, сол еселі екпінмен сарбаздың өзін талап өте шығады...

«Осы бір қасіретті күндері әскер қатарына шақырылған жауынгер Мадияр Қайсаров қаруластары мен бейбіт тұрғындарды қорғап, қаза тапты, - деп жазды кейін «Казахстанская правда» газеті. - 2022 жылдың 3 қаңтарында Қызылордадағы жаппай тәртіпсіздіктер кезінде қарулы шабуылдаушылар ұрланған КамАЗ көлігін әскери қызметкерлерге бағыттаған. Мадияр өз басын қатерге тігіп, жолдастарын қорғау үшін қолдан келгенін бәрін жасады. Оны жүк көлігі қағып кетті, бірақ бұл әрекетінің арқасында оның жолдастары тірі қалды».

Арада бес ай уақыт өткен соң Бас прокуратураның 1-қызмет бастығының орынбасары Елдос Қылымжанов Қызылордада Қаңтар оқиғасы кезінде қанат жайған тәртіпсіздіктер тегенінде тасілім тапқан Ұлттық ұлан сарбазы Мадияр Қайсаровтың өліміне кінәлі азаматтардың анықталғанын айтты. Сыр өңірінде жасалған осы аса ауыр қылмысқа қатысты тергеуді аяқталғанын баяндаған оның айтуынша, оқиғаның басы күдікті мен сыбайластарының алдымен ұлттық ұланның КамАЗ жүргізушісін асқан қатыгездікпен ұрып-соғып, одан

II-тарау ОҚИҒА ОРТАСЫНДА

алмай қалған жоқ; марқұм 3-дәрежелі «Айбын» орденіне лайық деп танылды. Алайда 20 жасқа толуына небәрі 24 күн қалғанда ештеңемнен ақтап алуға ешбір келмейтін өте бір оғаш, қисынсыз жағдайда опат болған сарбазға мұның шын мәнінде керекі шамалы еді. Боздақтың артында аңырап қалған өзін әкесі Оразалы Бейіспеков пен аяулы анасы Әсел Қайсарова үшін де бұл жай «ерлігі еленді» деген көңіл жұбатарлық ишарадан басқа еш нәрсе әкелмейтіні тағы анық-тын.

«Мадиярдың қызметестері сол қатерлі күнді әлі еске алады», - деп жазды «Казахстанская правда» газеті. «Мен Мадиярды батыр деп есептеймін. Ол әрекетінің қалай аяқталатынын біле тұра, өзгелердің өмірін сақтап қалды. Бұл - нағыз ерліктің үлгісі», - дейді досы, әрі қаруласы Александр Эммих басылым тілшісіне. Ал №5547 әскери бөлім батальон командирінің орынбасары, капитан Абылайхан Тұрсынбаев: «Мадиярдың ерлігі жас жауынгерлерге күш пен жігер береді. Біз оның есімін күн сайын кешкі шақырылымда еске алып тұрамыз», - деп атап өтті.

Бір сүйсінерлік, қапияда қазаға ұшыраған Мадияр Қайсаровтың есімін ұлықтау шараларын ол қызмет еткен әскери бөлім ғана емес, сонымен бірге Қызылорда қалалық әкімдігі де жүзеге асыруда. Айталық, «Атамекен» отбасы үлгісіндегі балалар ауылының бір үйі батырдың есімімен аталады. Мұнда қазір алты бала тәрбие алуда, олар үшін Мадиярдың ерлігі отаншылдық пен ерліктің символына айналған. «Бізге ішкі істер министрлігі ұлттық ұланың қарасты N-5547 әскери бөлім еркек қамқорлық жасап келеді. Сарбаздар бүлдіршіндерімізді отанға деген зор сүйіспеншілікке тәрбиелеуге көмектеседі», - дейді директордың орынбасары Ақнұрия Жүсіпбекова. Бұған «Бәрекеді» дегеннен өзге сөзіміз жоқ.

2022 жылы қарашаның соңында Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында бұзақылық пен жаппай тәртіпсіздікке қатысты, әскери қызметкердің өміріне қол сұғып, лаңкестік әрекет жасады деп айыпталған азамат К.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сот процесінің барысында анықталғандай, 2022 жылы 5 қаңтарда сотталушы К. сауда үйінің алдындағы тәртіпсіздіктерге қатысып, әскери қызметші Т-ға күш қолданып, оның басқаруындағы әскери КамАЗ көлігін тартып алған. «Азамат К. жүк көлігінің руліне отырып, шегініп бара жатқан әскери қызметкерлерге қарай жүрген. Ол КамАЗ педальі едендегі кірпішпен басып, өзі көліктен секіріп кеткен. Нәтижесінде жүк көлігі әскери қызметші М.-ны басып кеткен. Алған жарақаттары салдарынан әскери қызметкер сол жерде көз жұмды», - деп жазды соттың баспасөз қызметі.

Сотта прокурор сотталушыны 20 жылға бас бостандығынан айыруды сұрады. Ал адвокаттар оны ақтауға желеу іздеді. «Әрекет ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатады, оны жасағандарға ең жоғары жаза - өмір бойына бас бостандығынан айыру түрінде көзделген. Сот жасалған қылмыстар сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, жауаптылықты жеңіл-

бере алмаймыз. Алайда құқық қорғаушылар арасында «ілгекті» істердің қатарын азайту үшін кейде мәселенің түпкі түбіріне дейін баруға мүдделілік таныпай, оны «тез шешіп тастауға» ұмтылатын жағдайдың жиі кездесетінін көп естіп жүргендіктен, мұнда да тап сондай асығыстықтың астары жоқ па екен деген ұры ойдың келіп қалатыны рас. Негізі, жарты жылға созылған сот процесінің барысында күе ретінде 17 әскери қызметкердің жауабы тыңдалған. Процесске айыпталушы Құдайбергенов, оның адвокаттары мен әйелі Іңкәрім Сұлтанова, жөбіренуші тараптан - Мадияр Қайсаровтың әкесі Оразалы Бейіспеков үзбей қатысып келген. Отырыс барысында Бейіспеков соттан Құдайбергеновке ең қатаң шара - өмір бойы түрмеде отыру жазасын беруді сұраған.

Бірақ айыпталушының туған-туыстары мен адвокаттары сот вердиктімен еш келіспейді. «Қазыбектің кінәлі екеніне бірде-бір тұшымды айғақ-дәлелі жоқ айыптар тергеу орындарының долбар-болжамына құрылған» деген тұжырым білдіреді Іңкәрім Сұлтанова. Оның айтуынша, қаңтардың 5-і күні күйеуі Қызылорда қаласының орталық алаңы маңындағы "Arag City Mall" сауда орталығына барған. Күндізгі сағат 16:00 шамасында үйіне қайтып келе жатқан кезінде сол маңда оқ тиіп, жараланған баланы сол жерден алып шықпақшы болып сүйреп бара жатқанында оның өзінің де оң аяғына оқ тиеді. Кейін бұл екі жаралыны біреулер көлікке салып, ауруханаға жеткізіпті. «Ауруханада жаралы адам көп екенін көрген Қазыбек аяғын тандырып, үйге қайтып келді. Оқ сүйегіне тиймей етіп тесіп өтіпті. Кейін ол маған «мен ауруханада жеке мәліметтерімізді қалдырдым, енді мені полиция келіп басқалар секілді үйден алып кетуі мүмкін, балаларға абай бол, шошып жүрмесің» деп ескертті» дейді Іңкәрім.

Полицияның арнайы жасағы Құдайбергеновтер үйіне 9 қаңтар күні кешке келген, Іңкәрім Сұлтанованың сөзінше, қару асынып, бет-перде киген жиырма шақты адам жеке меншік үйдің ауласына биік дуалдан секіріп кірген. «Олар келген бойда үйдің астан-кестенің шығара тіптіп, Қаңтар оқиғасы кезінде түсірілген өлдебір видеодағы КамАЗ көлігін мінген адамның киіміне ұқсайтын әскери киім іздеді. Күйеуінің аңға шыққанда киетін киімдері, арнайы бөтенкесі бар еді. Соларды алды. Үйде қысқа шортпен жүрген оны киімін кигізбестен, жалаң аяқ қалпында, есік алдында жүрген 1-топтағы мүгедек, психикалық ауруы бар қайнағаммен бірге алып кетті» дейді келіншек.

Соңыра үйіне мемлекеттен тағайындалған адвокат келген. Ол Іңкәрімге «Полицияға барып, анда-мұнда хабарлап, шу көтерудің қажеті жоқ, Қазыбек бәрін мойындап, адам өлтіргені туралы қағазға қол қойды» дегенді айтқан. Бұл хабарды естігенде, үй-ішіндегілер қатты абыржып қалған. «Бірақ бұдан арыда жағдай қалай болады деп үндемей жүрді. Кейінірек жараям тауып, адвокат жалдадық. Ол бізге: «Неге барып, Қазыбектің ахуалын білмейсіңдер, киімін, тамақ апарып беруге құқыларың бар» деді. Содан барып жолыққан шағында күйеуім өзін мұнда азаптағандарын, басына пакет

«Мен сұрағандар арасында оқиғаны көрдік дегендер табылды. Олардың бірі «Сарбаз баланы басқа бір солдат машинаны арта жүргізіп, басып алды. Оның басында каска, бетінде газға қарсы бет-перде болды» деді. Алайда ешбірі сотқа күәлік беруге келгісі келмеді. Кафеде еден жуушы болып істейтін жасы үлкен кісіге: «Апа, сотқа келіп айтып беріңізші, менің үш балам бар, күйеуім жазықсыз сотталып деп жатыр» деп жалынғанымда, ол: «Қызым, менің де үш балам бар. Маған артық өңгіме керек емес» деді. Ал сотқа күе ретінде шақырылған әскери қызметшілердің бәрі күйеуімді көрсетіп, осыған ұқсайды, осы болуы мүмкін» деген жауап айтты», - дейді Іңкәрім Сұлтанова.

Бұдан әрі «Азаттық» радиосының тілшісі Қазыбек Құдайбергеновтің ісі бойынша өткен соттың кейбір отырысын өзінің онлайн түрінде бақылағанын айта келіп, күе ретінде шақырылған әскери қызметшілердің жауаптарына да тоқталып өтеді. Олардың бірі өз түсінігінде: «Үстіне балықшы киімі ме, әлде аңшы киімі ме сондай киім киген бір адамның көлікті жүргізгенін көрдім» десе, енді бірі: «Маған «солдат баланы басып кетті» деп хабарлады. Содан кейін Асқар (жүк көлігінің жүргізушісі Асқар Тұрманов) келіп, көлікті алдыға қарай жүргізді, мен денені алып шығуға көмектестім» дейді. Ал сотқа күәлік еткен тағы бір әскери қызметкер: «Жүк көлігі адам басып кеткен сәтте мен сауда орталығының артындағы қару-жарағы бар көлікте отырдым, ештеңе көрген жоқпын» десе, енді бірі өртеніп жатқан «Нива» жеңіл автокөлігінің маңында жүргенін, оқиға болғаннан кейін барып, КамАЗ көлігін айдап алып кеткенін баяндап берген.

Ал осындай қарама-қайшылықтарға қаныққан адвокаттар сот үдерісі басталғалы бері Қазыбек Құдайбергеновке негізсіз айып тағылып отырғаны жөнінде бірнеше рет шағым түсірген. Олар сотта айыптаушы тарапты оқиға желісін көрсететін видео-сында КамАЗдың руліндегі адамның бет-жүзі мүлде көрінбейтінін, үстінде әскери киімі болмағандықтан ғана оны Құдайбергеновке ұқсатып, айып тағуға болмайтынын алға тартты. Бұдан бөлек, соттан КамАЗ көлігінің жылдамдығына, оның ішінен табылған саусақ іздеріне сараптама, сондай-ақ қылмыскерге портреттік кескіндеме жасауды өтініпті.

Сол сияқты тағы бір адвокат: «Құдайбергенов тергеу кезінде азаптауға шыдай алмай, жасамаған қылмысын мойындауға мәжбүр болғанын, бұл іске өзінің мүлде қатысы жоқ екенін айтты. Оның үйінен алынған аңшы киімдерін тергеуші «Құдайбергенов өзі алып кетті» деп көрсетіп, сол кездегі мемлекет берген адвокат оны растап, хаттамға қол қойған. Сотта сол адвокат ешқандай хаттамаға қол қоймағанын айтты. Бірақ судья оның бұл ұяғын қабылдамады», - дейді.

Іске қатысқан келесі адвокаттың сөзінше, мерт болған сарбаз мәйітіне оның өлімі себебін анықтайтын зерттеу жасалмаған. Ол осыған орай берілген сараптама «басын ауыр жүк машинасының дөңгелегі езіп, жаншыған, иықтан төмен тұсында жарақат жоқ» деген анықтама жасалған. «Бірақ денені қараған кезде сарапшы түсірген фото іске тіркелмеген. Біз оны тауып алып қарадық, онда бастың табиғи формасы сақталған, бірақ сол көзін танып қойған - дейді бұдан

мәселе - кім болғанда да, оны әйтеуір бір қызылордалық азамат жасады ғой, сонда! Оның қаннен-қаперсіз, қамсыз, бейқам тұрған жұртшылықпен әскери қызметкерлерге көлікті тажал араны етіп айдап салу үшін адам қаншалықты айуан, жауыз, жексұрын болуы керек? Бізді осы жайт қаттырақ ойлантатын, қиял теңізіне тереңірек батырады.

Қызылордада соттың шешіміне күмән келтірілген тағы бір резонансты оқиға сол күндері оққа ұшқан Фархат Омаровқа қарсы қозғалған қылмыстық істің төңірегін туындады. Ол 5 қаңтарда жүрегіне тиген оқтан көз жұмды. Бірақ жас жігіттің қияс қазасына байланысты ешкім жауапқа тартылмады. Оның өлімі бойынша қозғалған іс бірер айдан кейін «күдікті табылмады» деген желеумен тоқтатылады. Осыдан соң прокуратура боздақ үстінен іс қозғап, оған үш баппен айып тағады. Ал 2023 жылдың 4 шілдесінде Қызылорда ауданаралық қылмыстық соты Фархатты осы үш баппен кінәлі деп табады. Сот үкімін естіген үй іші өздерінің реніштерін жасыра алмады...

Фархат қаладағы базарлардың бірінде киім-кешек сатумен айналысқан. Тұрмысы нашар отбасыларға көмектесіп тұратын жергілікті белсенділердің бірі болған. Ол 4 қаңтар күні Жаңаөзен жұртын қолдап көшеге шыққан екі мыңға жуық шерушінің қатарынан табылған. Жиын кезінде қолына микрофон ұстап, көпшіліктің алдында сөз де сөйлеген. Оның «Бәріміз бірге болсақ, биліктегілер де алдымызға келеді. Бірі-кейі, ағайын», - дегені түсірілген видео тараған. Фархат ертеңіне алаңға тағы барған. Қаланың орталығында бұл күні нағыз дүрбелең болып жатты. Осы кезде шерушілер мен полициялар қақтығыс қақпанына түсті. Сол шайқастың шайқағында Омаров оқыста оққа ұшты. Ұш оқ оның жүрегі мен аяғына тиген. Марқұмның артында бозбаран болған әйелі мен бір баласы қалды.

Прокурорлар Фархатты қаладағы «Жаңа базар» деп аталатын танымал қылмыстық топтың мүшесі ретінде көрген. Іс деректерінде топтың басшысы болып Ғабит Піржанов есімді жігіт көрсетілген. Ол 2023 жылғы шілдеде 16 жылға сотталды. Алайда Піржанов өзіне қатысты сот отырысы жүріп жатқан кезде суретіне қарап тұрып, марқұм Омаровты таныматынын, оны ешқашан көрмегенін жеткізген.

Қызылордада ең қуатты дүрбелең 5 қаңтар күні 12:00-де басталды. Тергеушілердің жазуынша, жиналғандар орталық көшені жауып, қолдарына тастар мен темір кеспелтектер алып, алдыңғы шептегі полиция мен әскери адамдарға шабуылдаған. Полиция департаментінің бастығы сағат 12:45-те өз жасақтарына шектен шыға бастаған шерушілерді «жуасыту мақсатында» әрекет етуге бұйрық берген. Сөйтіп, 470 қызметкер шабуылға тойтарыс беру үшін көзден жас ағызатын арнайы құрал қолданған. Тергеу дерегіне, осы атыс-шабыста 15 полицей жеңіл жарақат алып, 9 автокөлік бүлінген.

Тағы бір айта кететін жайт, Қызылордада оқиға күндері мәйітханадан тәртіпсіздікке қатысқан 6 адамның денесі ұрланған. Енді бұл марқұмдардың және оларды ұрлап өкетіп жүргендердің кімдер болғандары, сондай-ақ неге бұлай өткендері айтпаса да түсінікті болса керек. Бұл қаза тапқан 26 адамның кемінде 6-ы бейбіт басталған байырқалы шеруді қолма-қол қақтығыстар мен бүліншілікке ұлас-тырып жіберіп жүрген шұлақ шалбарлы лаңкестер тобынан екендіктерін анық аңғартады. (Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҰБТ-СЫЗ ОҚУҒА ТҮСЕ АЛАДЫ МА?

2023 жылы «Sarbaz 2.0» жүйесі іске қосылды. Бүгінгі күнге дейін 180 мыңнан астам әскери қызметші тіркелген. Қазір мерзімді әскери қызметін өтеп қайтқан азаматтар үшін жоғары білім алу қолжетімді болуда. Енді әскер қатарында болған жастар Ұлттық бірінғай тестілеуді тапсырмай-ақ, арнайы іріктеуден өту арқылы жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігіне ие.

Әскери қызметшілерді әлеуметтік қолдау шараларын цифрландыру мақсатында арнайы «Sarbaz 2.0» ақпараттық жүйесі іске қосылған. Бұл платформа мерзімді әскери қызметтегі жастарға білім беру жеңілдіктерін пайдалануға және оқуға түсу үшін өткізілетін конкурстық іріктеуге онлайн режимде қатысуға жағдай жасайды.

Әскери қызметін аяқтаған азаматтар қолданыстағы қабылдау тәртібіне сәйкес арнайы тестілеуден өтіп, ҰБТ тапсырмай-ақ жоғары оқу орындарына түсе алады.

Жүйе толық автоматтандырылған. Мемлекеттік білім гранттарына үміткерлерді іріктеу үдерісі электронды жүйе арқылы жүзеге асады. Платформа үміткерлерді олардың әскери қызметтегі нәтижелері мен жауынгерлік даярлықтағы жетістіктері негізінде бағалайды. Ең жоғары көрсеткішке қол жеткізген сарбаздарға тегін білім алу (грант) мүмкіндігімен қатар жатақханадан міндетті түрде орын ұсынылады.

Бұл жүйе әскерге баруды тек Отан алдындағы міндет ғана емес, сонымен бірге болашақ мамандыққа нық кадам басудың тиімді мүмкіндігіне айналдырып отыр.

АЙНАЛЫМНАН ШЫҒЫП ЖАТҚАН 2000 ТЕҢГЕНІ ҚАЛАЙ АУЫСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

2024 жылдың соңынан бастап «Сақ стилі» үлгісіндегі 2000 теңгелік жаңа банкноталар ақша айналымына енгізілді. Биылғы 24 маусымнан бастап ескі үлгідегі 2000 теңгелік банкноталар айналымнан шығарылады. Онымен төлем жасауға болмайды. Алайда ескі теңгені жұмсап үлгермегендер оны жаңасына ауыстыра алады.

2012 жылы айналымға енген жасыл түсті 2000 теңгелік ақшаның бет жағында «Қазақ Елі» монументі, киіктің стильдендірілген суреті, ұшып келе жатқан көгершіндер, Ту мен Елтаңба бейнеленген. Ал сырт жағында Ертіс өзені бейнеленген Қазақстан картасы, стильдендірілген киіз үй, мемлекеттік тудың бөлігі бар.

2024 жылдың соңында айналымға енген жаңа 2000 теңге ақша да жасыл түсті. Оның бет жағында көкте қалықтап ұшқан құс пен «Өмір ағашының» бұтағы, ДНҚ спиралін және адамның табиғатпен байланысын білдіретін ою-өрнекпен стильдендірілген шексіздік символы, артефакт – молшылық пен байлықтың символы ретінде мүйізді жануардың бейнесі бейнеленген. Ал сырт жағында ою-өрнекпен безендірілген қалқанның фонында ақбөкендер, қалқанды бейнелейтін дөңгелек қазақ ою-өрнегі – құндылықтарды қорғаудың символы, ежелгі символ – әлемнің төрт қыры, орталықтағы күн белгісі Жасампаз энергия мен өмірдің символы ретінде бейнеленген. Сондай-

ақ, банкноттың сырт жағында артефакт – ақбөкеннің басы, ортасында фон ретінде қазақ ою-өрнегіндегі «шексіздік» контуры бар, оның ішінде Бұрабай көлі бейнеленген.

Ұлттық банк 2024 жылғы 25 желтоқсаннан бастап кезең-кезеңімен «Сақ стилі» атты 2000 теңгелік жаңа банкноталар сериясын айналымға енгізіп жатыр. Сондықтан 2012 жылғы үлгідегі 2000 теңгелік банкноттар айналымнан алынып жатыр. 2026 жылғы 24 маусымға дейін ескі және жаңа банкноталар қатар қолданылады. Одан кейін ескісін жаңасына айырбастауға болады.

Ескі 2000 теңге ақшаны 24 маусымға дейін жұмсап үлгермесе, оларды үш жыл ішінде банктер мен «Қазпошта» бөлімшелерінде жаңа үлгідегі банкноттарға айырбастауға болады.

Үш жылдан кейін де Ұлттық банктің филиалдарына барып кез келген уақытта жаңа үлгідегі ақшаға айырбастауға болады.

Кәсіпкерлер ескі үлгідегі ақшаларды қабылдауға міндетті. Қазір қатар айналыс кезеңінде ескі және жаңа үлгідегі банкноттардың екеуі де заңды төлем құралы болып есептеледі. Сондықтан кәсіпкерлер оларды қабылдауға міндетті.

Тек 24 маусымға дейін ескі үлгідегі 2000 теңгелік ақшаны төлем жасауға болады.

ЕСКІ 10 000 ТЕҢГЕНІҢ АЙНАЛЫМДАҒЫ МЕРЗІМІ ҰЗАРДЫ МА?

2027 жылғы маусымға дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мәліметі бойынша номиналы 10 000 теңгелік ескі ақшаның айналымында қатар жүру мерзімі 2027 жылғы маусымға дейін ұзарды. Бұл шешім Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының ұсынысын ескере отырып қабылданған. Ұлттық банк ескі үлгідегі ақшаны жаңа ақшаға кезең-кезеңмен ауыстырады.

2027 жылғы маусымнан кейін қолында осы 10 мың теңгелік қағаз ақшасы бар азаматтар оларды барлық банктер мен «Қазпошта» бөлімшелерінен тағы да 3 жыл бойы жаңа ақшаға ауыстырып ала алады. Ал Ұлттық банктің филиалдары ескі ақшаны айырбастан беруге міндетті.

АРТЕРИАЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯ:

МӘМС АЯСЫНДА КӨМЕКТІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Артериялық гипертензия – әлем бойынша ең кең таралған созылмалы аурулардың бірі және мүгедектік пен мезгілсіз өлім-жітімнің негізгі қауіп факторларының бірі. Қан қысымының жоғарылауы инфаркт, инсульт, жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі сияқты ауыр асқынұларға жиі әкеледі.

Қызылорда облысында да артериялық гипертензия ең жиі кездесетін аурулардың бірі болып қалып отыр. Бұл дерттің пайда болу себептері, оның алдын алу жолдары, дер кезінде диагностика жасау және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясындағы заманауи емдеу тәсілдері туралы №6 қалалық емхананың кардиолог дәрігері Таир Бельгибаев айтып берді.



- Артериялық гипертензияны қазіргі заманның індеті деп атайды. Қазақстандағы статистика қандай, бұл ауру қай жастан бастап дамуы мүмкін және оны қалай анықтауға болады?

- Артериялық гипертензия шынмен де әлемдегі ең кең таралған созылмалы аурулардың бірі болып қала береді. Қазақстан да бұл қатардан тыс емес. Денсаулық сақтау саласының деректеріне сүйенсек, елімізде миллиондаған адамда қан қысымының жоғарылауы анықталған. Алайда көптеген пациенттер өз диагнозы туралы ұзақ уақыт бойы білмей жүреді.

Гипертензия қауіп әдетте 40 жастан кейін артады деп есептеледі, бірақ бүгінде бұл дерт 25-30 жастағы жастар арасында да жиі кездесуде.

Гипертензияның негізгі проблемасы – дерт ұзақ уақыт бойы еш белгісіз өтуі мүмкін. Сондықтан оны анықтаудың ең сенімді жолы – қан қысымын үнемі өлшеу. Қалыпты қысым 140/90 мм сын. бағ-дан төмен болуы тиіс. Егер көрсеткіш тұрақты түрде жоғары болса, міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет.

- Қауіп тобына кімдер жатады? Қандай белгілер алаңдатуы керек?

- Қауіп тобына артық салмағы, қант диабеті, жоғары холестерині бар, тұқым қуалаушылығы бар пациенттер, сондай-ақ темекі шегетін және аз қимылдайтын адамдар жатады.

Басты ауыруы, әсіресе желке тұсының сырқырауы, бас айналу, құлақтағы шу, жүрек қағысының жиілеуі, әлсіздік, енгіту сияқты белгілерге назар аудару қажет. Алайда гипертензия көптеген науқастарда ұзақ уақыт бойы айқын белгілерсіз өтуі мүмкін екенін ұмытпау керек.

- Қан қысымының бақылаусыз жоғарылауы

немесе төмендеуі несімен қауіпті?

- Қан қысымының бақылаусыз жоғарылауы инсульт, миокард инфаркті, жүрек жеткіліксіздігі, бүйрек зақымдануы және көру қабілетінің нашарлауы сияқты ауыр асқынұларға алып келеді. Жоғары қысым қан тамырлары мен ішкі ағзаларды біртіндеп зақымдайды.

Ал қысымның бұрт төмендеуі, әсіресе егде жастағы адамдар үшін қауіпті. Бұл өсінен тануға, құлап қалуға, ми мен жүректің қан айналымының бұзылуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан қан қысымындағы кез келген өзгеріс дәрігер бақылауын қажет етеді.

- Гипертензия белгілері пайда болған жағдайда пациент қандай әрекет жасауы керек? Кардиологпен кеңесу үшін жалпы тәжірибелік дәрігердің жолдамасы қажет пе?

- Ең алдымен тіркелген емханадағы жалпы тәжірибелік дәрігерге қаралу қажет. Маман тексеру жүргізіп, қажетті зерттеулерді тағайындайды және қажет болған жағдайда кардиологқа жолдама береді. Айта кету керек, тар буынды маманнаң кеңес алу үшін пациент міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған болуы тиіс.

Егер жағдай өте жоғары қысыммен, қаты бас ауырумен, сөйлеудің бұзылуымен, аяқ-қолдың жансыздануымен немесе тыныс алудың қиындауымен қатар жүрсе, шұғыл түрде жедел жәрдем шақыру қажет.

- Демек, шұғыл жағдайда медициналық сақтандыруы жоқ пациент те тегін ем ала ма?

- Иә, Қазақстанда шұғыл медициналық көмек МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға көрсетіледі. Бұл жедел жәрдем шақыруға, шұғыл госпитализацияға және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда көрсетілетін медициналық көмекке қатысты.

- Артериялық гипертензияға күдік болған жағдайда қандай зертханалық және аспаптық зерттеулерден тегін өтуге болады? МӘМС аясында не қарастырылған?

- 2026 жылдан бастап артериялық гипертензияны динамикалық бақылау және емдеу міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне енгізілді. Гипертензияға күдік болса сақтандырылған пациенттер мамандардың кеңестеріне, зертханалық талдауларға және диагностикалық зерттеулерге қол жеткізе алады. Көрсеткіштерге байланысты дәрігер жалпы және биохимиялық қан талдауын, зәр талдауын, ЭКГ, эхокардиография, холтерлік мониторинг, тәуліктік артериялық қысым мониторингін, қан тамырларының УДЗ-сын және басқа да тексерулерді тағайындай алады.

- Диспансерлік есепте тұрған пациенттерге гипертензияны емдеуге арналған қандай дәрілер беріледі?

- Артериялық гипертензия бойынша диспансерлік есепте тұрған пациенттер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС аясында тегін дәрілік препараттармен қамтамасыз етіледі. Олардың қатарында АӨФ (ангиотензин-өзгертуші фермент) тежегіштері, бета-блокаторлар, кальций антагонистері, диуретиктер және басқа да заманауи гипотензивтік препараттар бар. Дәрілер пациенттің жағдайына және қатар жүретін ауруларына байланысты тағайындалады. Мысалы, орташа өкпелік гипертензиясы бар пациенттер емханада ай сайын «Бозентан» препаратын алады. Бір қаттамасының құны 400 мың теңгеден асады.

Жалпы, диспансерлік есепте тұрған кардиологиялық аурулары бар пациенттер шамамен 30 түрлі дәрілік препаратпен қамтамасыз етіледі.

- Нәтиже болмаған жағдайда емдеу әдісін өзгертуге бола ма?

- Әрине. Егер тағайындалған ем тиімді болмаса немесе жанама әсерлер туындаса, дәрігер дозаны өзгертіп, дәрі-дәрмекті өзгертеді немесе біріктірілген терапия тағайындайды. Емдеуді өз бетінше өзгертуге немесе тоқтатуға болмайды, өйткені бұл жағдайдың күрт нашарлауына әкелуі мүмкін.

- Қандай жағдайда пациент кардиологиялық

орталыққа жіберіледі?

- Гипертензия ауыр түрде өткенде, гипертензиялық криздер жиі қайталанғанда, жүрек пен қан тамырлары тарапынан асқынұларға күдік болғанда, жоғары технологиялық диагностика немесе ем қажет болған жағдайда пациент стационарға жолданады. Сондай-ақ стандартты терапия нәтиже бермегенде немесе қатар жүретін жүрек-қан тамырлары аурулары болғанда да жолдама беріледі.

- Мен өзімді жақсы сезінсем, қан қысымды күнделікті өлшеуім керек пе? Үй жағдайында қысымды қалай бақылауға болады?

- Иә, әсіресе 40 жастан асқан адамдар мен қауіп тобындағы пациенттер үшін маңызды. Өзін жақсы сезінгеннің өзінде қысымды бақылап отырған жөн. Қан қысымыңызды таңертең және кешке бір уақытта өлшеген дұрыс. Өлшеуге дейін 30 минут бұрын кофе ішпеу, темекі шекпеу және физикалық жаттығу жасамау ұсынылады. Көрсеткіштерді өзін-өзі бақылау күнделігіне жазып отырған жөн.

- Жасанды интеллектке жиі жүгініп, дәрігерсіз өз бетінше емделуге тырысатын қазақстандықтар көбейді. Сіздің тәжірибеңізде мұндай жағдайлар кездесе ме?

- Иә, мұндай жағдайлар жиілеп келеді. Пациенттер интернеттегі кеңестерді оқыды немесе жасанды интеллект көмегімен өзіне диагноз қойып, дәрі таңдайды. Бірақ ешқандай технология дәрігердің толыққанды тексеруі мен медициналық зерттеуін алмастыра алмайтынын түсіну қажет.

Кейде өз бетінше емделу дәрілердің дұрыс таңдалмауына, асқынұларға және уақыт жоғалтуға әкеледі. Жасанды интеллект жалпы ақпарат алуға көмектесуі мүмкін, бірақ емдеу туралы шешімді дәрігер қабылдауы тиіс.

- Артериялық қысымды қалыпты деңгейде ұстау үшін қандай профилактикалық шаралар қажет? Өмір салтында нені өзгерту керек?

- Алдын алудың негізі – салауатты өмір салты. Тұзды, майлы тағамдар мен қанты шектеу, физикалық белсенділікті арттыру, салмақты бақылау, темекі мен алкогольден бас тарту қажет. Ұйқы кестесін сақтау және күйзеліс деңгейін төмендету де өте маңызды. Сондай-ақ профилактикалық тексерулерден тұрақты өтіп, шағым болмаса да қан қысымын бақылап отырған жөн. Гипертензияны ерте анықтау ауыр асқынұлардың алдын алып, өмір сапасын сақтауға мүмкіндік береді.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Айгүл АХАНОВА
Бет материалдарын дайындаған
Айша ТӨЛЖАН

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОҢАЛТУДАН КІМДЕР ӨТЕ АЛАДЫ?



Жақсылық АБДУСАМЕТОВ
Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры

2026 жылдың алғашқы төрт айында Қызылорда облысының күндізгі және тәулік бойы жұмыс істейтін стационарларында 3912 пациент медициналық оңалтудан өтті. Амбулаториялық деңгейде 13789-ға жуық оңалту қызметі көрсетілді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында өңірде оңалту көмегін қаржыландыру көлемі жыл сайын артып келеді.

Егер 2022 жылы оңалту көмегіне 2,7 млрд. теңге бөлінсе, 2026 жылы қаржыландыру көлемі бір жарым еседен астам өсіп, 4,1 млрд. теңгені құрады. Биылғы жылдың алғашқы төрт айында медициналық оңалту қызметтерін көрсетуге 1,2 млрд. теңге бағытталды.

Медициналық оңалту пациенттерге ауру аурулардан, жарақаттардан және хирургиялық араласулардан кейін ағзаның жоғалған функцияларын қалпына келтіруге, күнделікті өмірге қайта оралуға мүмкіндік береді. Көптеген азаматтар мұндай көмекті қымбат әрі қолжетімсіз деп есептейді. Алайда медициналық көрсеткіштер болған жағдайда оңалту қызметтері МӘМС аясында тегін көрсетіледі.

Медициналық оңалту мынадай жағдайларда тағайындалады: негізгі немесе созылмалы ауруды емдеу кезінде; жедел жағдайлардан кейін; хирургиялық оталардан кейін; жарақаттардан кейін; өмір сүру белсенділігін шектейтін жағдайларда.

- Медициналық оңалту қай кезде тегін көрсетіледі?

- Қалпына келтіру емі келесі жағдайларда тегін жүргізіледі: тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде – негізгі ауруды, сондай-ақ туберкулезбен ауыратындарды емдеу кезінде; міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (МӘМС) – аурулар мен проблемалардың халықаралық жіктелуі бойынша аурулар тізбесіне сәйкес.

- Пациент бұрын оңалтудан өтпеген. Неген бастаған жөн?

1. Ең алдымен тұрғылықты жеріндегі емханаға барады.
2. Емдеуші дәрігер реабилитолог маманға, немесе мультидисциплинарлық топ мамандарына жібереді.
3. Олар аурудың пайда болуы мен күшеюі, сырқаттың денсаулық жағдайына байланысты мәліметтерді ескере отырып, оңалтуға деген қажеттілікті айқындайды. Бастапқы реби-

литациялық диагноз қойып, пациент денсаулығын қалпына келтіру жоспарын, курстың мерзімін т.б. анықтайды.

4. Егер кешенді тексеру нәтижесінде реабилитация тиімді деп табылса, пациент оны амбулаторияда, стационарда, стационарды алмастыратын емдеу мекемесінде, үйде немесе санатория-курорттарда өте алады. Жоспарлы түрде ем қабылдайтын пациент стационарға «Ауруханаға жатқызу бюросы» порталы арқылы жатқызылады.

- Медициналық оңалту қанша кезеңнен тұрады?

- Біріншісі ауруы асқынып тұрған науқастарға, хирургиялық операция жасатқан, жарақат алған адамдарға арналған. Ол стационарлардың құрылымдық бөлімшелерінде жүргізіледі.

Егер ауруханаға жатқызу қажет болмаса, медициналық көмек көрсетілгеннен кейін негізгі ауру емделіп болғаннан кейін пациент оңалтудың екінші немесе үшінші кезеңіне жіберіледі.

Оңалтудың екінші кезеңі мамандандырылған бөлімшелерде немесе республикалық денсаулық сақтау ұйымдары, мамандандырылған оңалту орталықтары мен көпбейінді стационарлар базасында өтеді. Бұл кезең ауру басталған сәттен бастап тоғыз ай ішінде жүргізу қажет. Курстың ұзақтығы мен жиілігі нозологияға, науқасты денсаулық жағдайына тағы да басқа факторларға байланысты болмақ.

Үшінші кезеңде медициналық оңалту емхана-амбулатория деңгейінде, күндізгі және тәулік бойғы стационарларда, оңалту орталықтарында, санаторийлер мен курорттарда, үйдегі стационар жағдайында, сондай-ақ қашықтықтан жүргізіледі. Курстың жиілігі мен ұзақтығы пациенттің денсаулығына қарай белгіленеді. Оңалтудан алынған нәтиже міндетті түрде ескерілуі тиіс.

- Оңалтудан бас тартуға қандай жағдайлар себеп болуы мүмкін?

- * көп қан кету;
- * дене қызуының көтерілуі және ұзақ уақыт бойы қалыпты жағдайдан асып кетуі;
- * өткір жұқпалы аурулар;
- * өткір остеомиелит;
- * көктамыр тромбозы;
- * жүрек жеткіліксіздігі;
- * эпилепсия талмасы ұстаған кезде;
- * қатерлі ісік, туберкулез, қант диабеті, тиреотоксикоз, бауыр қызметі тапшылығы, III деңгейлі ұйқы безі тапшылығы, адамның көңіл-күйі мен

мінезінде ауытқулар тудырған психикалық аурулар, іріңді және жұқпалы дері аурулары, 2-3-дәрежелі анемия, 3-дәрежелі дистрофия сынды аурулар себеп болуы мүмкін.

Оңалту пациенттің өз өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін. Сонымен қатар, ем-шаралардан кейін сырқаттың жағдайы нашарлаған жағдайда немесе негізгі, қосалқы аурулары күшейіп кеткен жағдайда дәрігер ем-шараны тоқтату туралы шешім қабылдайды.

- Оңалту қызметтерін кімдер көрсетеді?

- 2026 жылы Қордың облыстық филиалы өңірдегі оңалту қызметтерін көрсететін 33 медициналық ұйыммен келісімшарт жасасты. Оның ішінде: 18 мемлекеттік медициналық ұйым; 14 жеке медициналық ұйым; 1 квазимемлекеттік ұйым.

2026 жылы оңалту көмегін қаржыландыруға 4,1 млрд. теңге қарастырылған. Оның ішінде 3,5 млрд. теңге тәулік бойы және күндізгі стационарлардағы қызметтерге бағытталған.

- Сұрақтар туындаған жағдайда қайда жүгінуге болады?

- Медициналық көмек алу мәселелері бойынша азаматтар өз емханаларындағы Пациенттерді қолдау қызметіне жүгіне алады. Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына келесі байланыс арналары арқылы өтініш жолдауға болады:

Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы; msqorg.kz ресми сайты; @SaqtandyruBot Telegram-боты; 1414 байланыс орталығы.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша

МАУСЫМ – БІРНЕШЕ НҰСҚАНЫҢ ЕҢ СЕҢІМДІСІН ТАҢДАЙТЫН КЕЗЕҢ



Тоқты Айдың алғашқы жартысы екінші жартысына қарағанда қолайлы. Жалпы жоспар жасағанда осыны ескерген жөн. Бұл барлық салаға қатысты. Демек, қайсыбір маңызды шешім, немесе отбасына байланысты ұйғарым болмасын, кейінге қалдыруға болмайды. Сондай-ақ түйсік ешқашан алдамайтынын ұмытпаңыз. Түйсікке иек арқандар мақсатына тез жетеді.

Жоспардан тыс болып жатқаның барлығына назар аударыңыз. Айдың бас жағында көрініс берген проблема кейінірек үлкен мәселеге айналуы мүмкін. Әсіресе қаржыға қатысты. Жоспарланбаған шығын жасаңыз, немесе ақшаны ұқыпсыз жұмсаңыз, ақырында қиын жағдайда қалып қоясыз. Қолайсыз жағдайларға тап болмас үшін барлық мәселеде тәртіп сақтаңыз.

Айдың екінші жартысында жақын адамдармен қарым-қатынасыңызға мән беріңіз. Отбасымен, достармен қарым-қатынасты нығайту үшін кей реттерде жұмысты, кәсіпті кейінге ысыра тұруға тура келеді. Бұрыннан келе жатқан проблемалар сыр беруі мүмкін. Тезірек шешкен дұрыс.

Ай бойы жүктеме көп. Соның өзінде де демалуға уақыт табыңыз. Көңіл-күйіңіз өзіңізге деген қамқорлығыңызға байланысты.

Торпақ Көптен бері ойда жүрген жоспарларды жүзеге асыратын уақыт. Әсіресе кәсіпкерлік тұрғысынан. Жұмысына берілген Торпақтардың қызмет барысында өсуі мүмкін. Сондай-ақ табысы да көбейеді. Керемет келіссөздер, келісім шарттар жасайтын мүмкіндік. Қаржы мәселесінде өзіне жұмыс жасайтындардың жолы болғалы тұр. Кейбір кәсіпкерлер жаңа деңгейге көтеріледі. Сенімді одақтастары қолдау көрсетеді, жанадан қолдаушылар пайда болады.

Айдың екінші жартысында көптеген Торпақтар отбасына, жеке ісіне мән береді. Романтикалық қарым-қатынастарда күрделі өзгерістер болуы мүмкін. Тіпті кейбіреулер некеге де тұрады. Денсаулық үшін жаман ай емес, дегенмен созылмалы аурулар сыр береді, алдын алуды ұмытпаңыз, дәрігердің кеңесін есте ұстаныңыз, әсіресе ұзақ жолға шығар кезде.

Егіздер Соншалықты керемет оқиғалар, немесе оқиғалар, өзгерістер болғалы тұрған жоқ. Жайбарақат ай. Күнделікті тірлікпен айналысып, жаңаның шетін шығарып қоюға да болады. Ең бастысы асықпаған жөн. Сондай-ақ бір ғана шешім, немесе бір ғана қадам өмірді түбегейлі өзгертеді деп ойлауыңыз қажеті жоқ.

Жұмыс барысында жаңаны, өзгерістердің тәжірибесін үйренуге бейім, сондай-ақ бұрынғы қате наным-сенімдерінен бас тарта алатын жандар табысқа жетеді. Бәлкім мүлде жаңа нәрсені бастау керек шығар. Үйренген дағдыдан гөрі мүлдем жаңаға ден қойғанда керемет табысқа жету мүмкіндігі бар. Күтпеген шығындар болады. Отбасының қажеттілігіне, немесе өзіңіздің жұртты таң қалдырмақшы болған әрекетіңізге орай қаржы шығынына жол бересіз. Айдың екінші жартысында сезімнен гөрі ақылға салған жөн. Ең дұрысы бір сәттік көрсекіңіздерге қараңыз.

Бой алдырғаннан гөрі, жинақтаушы есеп шот ашқан, немесе толықтырған дұрыс. Сондай-ақ өзіңіздің бизнес-жобаларыңызға да қаржы салған табысты. Қай кез ыңғайлы екенін түйсігіңіз айтады.

Ай бойы романтикалық сезімдерге толы. Жаңа таныстықтар көп, сондай-ақ қазіргі қарым-қатынасты да нығайту мүмкіндігі бар. Жаныңызға жақын адаммен бірге көп уақыт өткізу бір-біріңізді жақсы тануға ықпал етеді.

Шаян Өзгерістер айы. Оқиғалар баяу өрбиді. Әрбір қадамыңызды ойлануға уақыт жеткілікті. Тиімді, әрі қолайлы стратегияны ойлауға, жасауға мүмкіндік бар. Көптеген Шаяндардың адамдармен қарым-қатынас жасай білуі көдеге жарайды. Өзіне мықты одақтастар, жаңа достар табады.

Табыс жәймендел өседі. Әрине жүктеме де көбейеді. Дегенмен өмір ағынына тез бейімделесіз. Осы айда заң, құқық саласымен байланысы бар, құжат рәсімдеумен айналысатын, сондай-ақ мемлекеттік органдармен бірге әрекет етушілердің табысы көтеріледі. Шағын кәсіпорындарды басқаратын Шаяндар кірістің азыауын тоқтатып қана қоймай, табыстың көбеюіне де ықпал етеді.

Жеке қарым-қатынаста қиын тұстар бар. Дегенмен бұл уақыт жеке жоспар жасауға, ойға алғанда жүзеге асыруға қолайлы. Соңғы кездері жұптар арасында түсініспеушілік орын алған болса, өзара мәмілеге келуге болады.

Маусым демалуға, сауықтыру процедураларына қолайлы. Кейбір зиянды әрекеттерден бас тартуды ойға алып жүрсеңіз, оны жүзеге асыру қиын емес. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға, теңестірілген диета ұстауға да ыңғайлы уақыт.

Арыстан Көп айлардың бірі емес. Бұрыннан қалыптасқан проблемалар сыр береді. Көптен бері жол берген қателіктерді жөндеуге, немесе өзіңіз жіберген кемшіліктерін түзетуге қолайлы уақыт. Қателіктерді жөндеуге болады, бірақ біраз уақыт, күш кетеді.

Кейбір Арыстандар жоспарланған көңіл көтеруді, демалысты кейінге қалдырып, жұмысқа мән бергені дұрыс. Өйткені маусым айы шешуші кезең болуы мүмкін. Егер де өзіңізді жақсы жағынан көрсете білсеңіз, қызметте өсетіз, табыстың жаңа деңгейіне көтерілесіз. Бірақ өзгеріс жұлдыздар ақшаны ұқыпты ұстауға, сақтауға кеңес береді. Әсіресе шығармашылықпен жұмыс істейтіндер. Мәселен шабытқа, көңіл-күйге көп байланыстылар. Ең дұрысы аяқасты бірден сатып алудан аулақ болып, сондай-ақ міндетті емес шығындарды мүмкіндігіне қарай тоқтатқан дұрыс.

Жеке қарым-қатынаста да бәрі оңынан келіп тұрған жоқ. Бәлкім жаңа таныстар пайда болады, романтикалық сезімдер. Алайда, ол адамның өзіне емес, өзіңіздің ол туралы түсінігіңізге, қиыншылыққа, фантазияңызға қызыққан болып шығасыз. Өз сезіміңізге дер кезінде ие болмасаңыз, арты келеңсіз жағдайларға ұласуы, тосын жағдайлар да орын алуы мүмкін. Ай бойы жүктеме көп болғандықтан көңіл-күйге әсер етеді. Тіпті жас, күші мығым Арыстандардың өзін де ұйқысыздық, бас ауру мазалайды. Ал егер жастағы Арыстандар созылмалы аурулар асқынып кетпес үшін алдын ала қам жасап, дәрігерге көрінгені дұрыс.

Букеш Аяқ астынан ойлап табуға, жоспарлауға, шешімді тез өзгертуге тура келеді. Тіпті бір рет стратегия жасап, әрі қарай сонымен жылжымын дегенде де қазір бәрібір басқаша әрекет етуге тура келеді. Бәлкім бір істі кейінге қалдырып, екіншісін бастаған ұнамайтын болар. Алайда табысқа жету үшін осылай істеуге тура келеді.

Жоспарланбаған шығындар болуы мүмкін. Әсіресе өміріне өзгеріс жасағысы келген, мәселен басқа мекен жайға көшетін, некеге тұратын, жұмыс ауыстыратын, немесе бағытын өзгертетін Бикештерде шығын көп. Алайда табыстың өсуі кезге көрінбейді. Демек, үнемшіл болуға тура келеді. Қажет емес, міндетті емес нәрселерге ақша жұмсауға асықпаңыз.

Жеке өмірде бәрі өз орнында сияқты. Бәрі өзіңіздің әрекетіңізге байланысты. Бәлкім кешірімшіл болып, жақын адамыңызға алғашқы қадам жасарсыз. Оған өзіңіздің қолдауыңыз қажет болар. Түйсігіңізге иек артып, жанашырлық танытыңыз. Бәрі ашық айтыла бермейтіндіктен кейбір жағдайларды “ыммен” түсіне білген жөн.

Денсаулыққа байланысты мәселе бола қоймас, дегенмен ауа райының өзгерісі әдеттегіге қарағанда өте қатты әсер етеді. Әсіресе алыс жолға шыққанда байқалады. Сондықтан да жолға шығарда сол жақтың ауа райына бейімделуге уақыт қалдырыңыз.

Таразы Айдың бас жағынан-ақ жеңіл жеңіс болмайтыны белгілі болды. Жағымды тенденциялардың әсері көп болып тұрғанымен, табысқа жету оңайға түспейді. Ендеше еңбек етуге, әсіресе маңызды бір мәселені ойға алып жүрсеңіз, дайын болыңыз.

Қаржы мәселесі біркелкі емес. Табыс көбейген сайын, шығыс та қалыспайды. Қанша үнемдеймін дегенмен кейбір шығындардан қашып қутыла алмайсыз. Бәлкім сәтсіз сатып алу болады. Егер де жақсы бір зат сатып алғыңыз келсе, жаныңыздағы адамдармен ақылдасыңыз. Олардың пікірі, тәжірибесі керек.

Көптен бергі отбасылық кикілжің күшейеді. Жақын адамдарыңызбен тіл табысу әдеттегіден гөрі қиыңға соғады. Кейбіреулер өзіңіздің шымдамдылығыңыз бен ақкөңілдігіңізді пайдаланып, өз мүддесін қорғап, өзіңізге билік жүргізгісі келеді.

Айдың екінші жартысында жағдай жақсы жаққа өзгереді. Әсіресе сүйіктіңізбен араңыз жақсарайды. Бәлкім көптен бергі армандап жүрген арманыңызды ұсынады, немесе маңызды мәселеде алғашқы қадам жасайды. Ортақ болашаққа қатысты маңызды шешім қабылдануы да мүмкін. Көңіл-күй көтеріңкі болғанымен денсаулық сыр беруі мүмкін. Физикалық та, эмоциялық та жүктемелерден қашыңыз. Стресс жағдайынан шығу оңай емес.

Сарышаян Бәрі сәтті. Мәселен жұмыс барысындағы нәтижеңіз көңілдегіден де жоғары. Бірлесе әрекет етудің жақсы ұсынысы түседі. Өзгерістерге дайын Сарышаяндар үшін жаңа кәсіби мүмкіндіктер ашылады. Бұрынғы білімге, дағдыға орай қолайлы ұсыныс түседі.

Жеке қарым-қатынаста маңызды өзгерістер бар. Өзіңізге көптен бері ұнап жүрген жанға алғашқы қадам жасауға болады. Ал жұбайлар үшін айдың екінші жартысында бір-бірімен қызықты уақыт өткізуге мүмкіндік көп.

Қаржы мәселесінде айдың екінші жартысы жемісті. Ірі зат сатып алуға, сондай-ақ жеке бизнес жобаларға қаржы салуға қолайлы уақыт. Өзіңіз ақшаны құр босқа құртпай, пайдалы мақсатқа жұмсағыңыз келеді. Осы мақсатыңыз орындалады.

Ай бойы ыңкыл-сыңкыл көбейеді, бірақ бұл денсаулыққа соншалықты қауіпті емес. Шаршамауға тырысыңыз. Жолға шыққанда өзіңіздің ішетін дәріңізді алып жүріңіз.

Мерген Ескі проблемалар алдан шығады. Осы уақытқа дейін созылып келе жатқан кикілжіңдер күшейеді, тіпті өз қиындығыңызды жеңумен қатар, қиын жағдайда қалған басқаларға да көмектесуге тура келеді. Әрине бұның бәрі аз күш-қайрат қажет етпейді, бірақ қолыңыздан келеді.

Іс барысында кедергілер жетерлік. Жұмыста да доғарыстар бар, өзіңіз бұған дейін қамқорлығын көріп келген одақтастар майда-шұйда мәселелерде сыр беріп қана қоймайды, маңызды істерде де ұятқа қалдырады. Егер де тек өзіңізге сенім білдірсеңіз, көп келеніңіздіктерден құтыласыз.

Аздаған қаржылық қиындықтар болуы мүмкін. Әсіресе өзіңіз сенім білдіріп отырған төлемдер кешігуі мүмкін. Мәселен кезінде қарыз алған адам уақытында қайтармайды, немесе кейбір төлемдер уақытынан кешігеді. Ең бастысы – байбаламға бой алдырмай, салқынқандылықпен әрекет ету. Көңіл-күйдің төмендігін сылтауратып, шопинг жасаудың, немесе құр босқа көңіл көтеруге ақша шығарудың қажеті жоқ.

Жеке қарым-қатынаста соншалықты мәселе жоқ. Шамалы түсінбеушіліктер болуы мүмкін. Тікелей тура айтып, түсінбеген тұсты ұялмай сұраған жөн. Осы уақытқа дейін “жабулы қазан жабулы келген” жайды ашық айтқанда жақсы жаққа өзгеріс болады. Денсаулыққа қолайлы ай. Көптеген Мергендер бұл кезеңде сергек, қуатты, салауатты, белсенді өмір сүреді. Дегенмен жайы жараяттар болуы мүмкін, әбәй болыңыз.

Тау ешкі Жайбарақат жүретін ай емес. Өтірікке үміттенуге болмайды. Тез табысқа жетемін деп те ойламаңыз. Өте сезімтал адамдардың жүйкесі жұқаруы мүмкін, алайда сабырлы жандар бәрін қалыпты қабылдайды. Міне осылар түбінде табысқа жетеді.

Күтпеген шығындар болуы мүмкін. Әрдайым одан қашып құтылу мүмкін емес. Алайда кей-кейде аз шығынмен құтылуға болады. Келісім шарттар жасауға асықпаңыз, әсіресе бұрыннан таныс емес жандармен, сондай-ақ бұрын естімеген компаниялармен. Маусым – бірнеше нұсқаның ең сенімдісін таңдайтын ай. Тіпті керемет табысқа қол жеткізетін деп тұрса да алданбаңыз.

Жақындармен қарым-қатынаста жақсы тұстар көп. Жақын адамыңыздың көмегімен қиындықтарды жеңесіз. Кейбір таныстықтар, романтикалық қарым-қатынастар көңіл-күйді көтереді. Жаңа таныстыққа айдың екінші жартысы қолайлы. Денсаулыққа байланысты күрделі мәселе жоқ. Дегенмен жүрек-қан тамыр аурулары сыр береді, әсіресе егде жастағыларға. Ауруды сезінсеңіз, жедел дәрігерге көріңіз.

Суқұйғыш Жекелеген қиындықтар орын алады. Дегенмен жағымды тенденциялар жеткілікті, әсіресе іс барысында.

Көптеген қиын міндеттерді абыроймен орындап шығасыз, басқалар үміт артпаған тұста табысқа жетесіз. Басшы Суқұйғыштарды жұлдыздар қолдап тұр. Жұлдыздардың қолдауының әсерімен өз позицияларын нығайтады, кадрлық мәселелерді сәтті шеше алады, жинақталып қалған майда-шұйда мәселелердің де шешімін табады.

Ақша түсімі сәтті келісім шарттар баршылық. Ақша мәселесінде түйсігіңіз алдамайды. Демек, өз табысыңызды көбейтудің, қолыңыздағы қаражатты дұрыс жұмсаудың мүмкіндігі бар. Архитектура және дизайнға байланысты жұмыс істейтін Суқұйғыштар үшін өте сәтті ай.

Адамдармен тіл табысу қиын емес, сондықтан да жеке қарым-қатынаста мәселе бола қоймайды. Жаңа таныстықтарға кетері емес Суқұйғыштарды керемет кездесулер, романтикалық көңіл көтерулер күтіп тұр. Ал жұбайлық жұптардың өзара сенімі нығая түседі. Бұрын арада ашық айтылмаған жайлар, бір-біріне деген кінә қоюшылық кедергі ететін болса, қазір оның бәрі артта қалды.

Денсаулыққа соншалықты қауіп болмағанымен, әдеттегіге қарағанда тез шаршайсыз. Сондықтан да күшті қайта қалпына келтіретін уақыт қалдырыңыз.

Айдың екінші жартысында салқындап қалуыңыз мүмкін. Абай болыңыз.

Балық Қазір жұлдыздар өзіңізді қолдап тұр. Пайдаланып қалыңыз. Іскерлік саласында бастама көтерген дұрыс. Өзіңіздің идеяларыңыз басқалардың талғамына сай келеді. Егер де сізге ол идеяларды жүзеге асыруға көмек қажет болса, ол қиын емес. Жұмысқа байланысты қызықты ұсыныстар болады. Өте батыл Балықтар қызмет барысында серпіліс жасайды, жоғары лауазымға қол жеткізеді.

Пайдалы таныстық болуы мүмкін. Басында іскерлік бағытындағы қарым-қатынас, уақыт өте келе достыққа, немесе романтикалық сипатқа айналуы мүмкін. Жұмыс барысындағы махаббатқа жұлдыздар қарсы емес. Алайда іскерлік қарым-қатынаспен жеке қарым-қатынасты шатастырып алмаған дұрыс.

Айдың екінші жартысы арадағы қарым-қатынасты нығайта түседі. Проблемаларды бірігіп шешуге, бірге тіл табысуға мүмкіндік мол.

Ақша мәселесінде тәуекелге бара бергіңіз келмейді. Ақшаны сенімді жобаларға салғыңыз, оны тек қана өте қажет заттарға жұмсағыңыз келеді. Көптеген Балықтар жоспарланған зат сатып алудан бас тартып, ұзақ мерзімді инвестицияны қалайды. Бұл өте дұрыс шешім.

Айдың соңғы жағында көп көлемде ақшалай түсім болады.

Денсаулық мәселесінде қиындықтар жоқ. Қаншама жүктеме, шаршау болғанымен, күшіңіз бойыңызға сыймай, қуатыңыз артып тұр. Дегенмен сауықтыру процедураларын бастасаңыз оның нәтижесін тез сезінесіз.

“ТАРАКАНДАР” ПАРТИЯСЫНА НЕ ТҮРТКІ БОЛДЫ?

“АҚЫМАҚТАРДЫҢ САНДЫРАҒЫ” ПАРТИЯСЫ

Ұлыбританияның бұл әжуа партиясы әлемдегі әжуа партиялардың байырғыларының бірі екен. Оның негізін қалаушы – британдық рок-музыкант Скримминг Лорд Сач. 1940-шы жылы дүниеге келген. Дэвид Сач деп бүркеншік ат алған. Кейіннен атын ресми түрде тағы өзгерткен. Ол парламентке әртүрлі округтерден 40 рет дауысқа түскен. Бірақ бірде-бір рет жеңбеген.

1999-шы жылы қайтыс болады. Әлем саясаткерлері арасында сайлауда дауысқа түсуден әлі ешкім оның рекордын жаңартпаған. Партия ұлттық деңгейде жеңіске жетпегенімен үнемі муниципальды кеңеске өз өкілдерін өткізіп отырған. Тіпті партия өкілдері онша ірі емес, әртүрлі қалаларда мэр деңгейіне жеткен.

Бұл “ақымақтардың” жеңіске жеткен тұстарын айтар болсақ, біріншіден партия өз бағдарламасында сыраханаларға түнгі 11-ден

кейін жұмыс істеуіне салынған тыйымды алып тастаймыз деп уәде еткен. 2005-ші жылы үкімет олардың осы талабына құлақ асып, заңды өзгертіп, сыраханаларға төулік бойы жұмыс істеуге рұқсат берген. 1980-ші жылы партия өз бағдарламасына қалжың ретінде үй жануарларына да паспорт берілуі керек деген талапты ендірген.

Қазір Британия ғана емес, әлемнің барлық елдерінің жануарларының паспорты бар. Өздерінің парламентке өтпейтінін білсе де, “ақымақтар” парламент сайлауына өз үміткерлерін әрдайым ұсынып отырады. Өйткені, сайлау нәтижесін жариялағанда барлық үміткерлерді ұлттық теледидар көрсетеді. Бұл – олар үшін үлкен мүмкіндік. Өздерінің әжуа киімдерімен көділгіл мықты саясаткерлермен, Үкімет басшысы, министр, оппозиция лидерлерімен қатар тұрады. Олардың да сайқымазақ бұлармен бірге тұрудан басқа амалы жоқ. Дым болағандай әжуаның бәріне көнеді.

Кезінде Маргарет Тэтчер осындай рәсімде Лорд Сачпен қатар, оның барлық әжуа қылығына көніп тұрып, артынан сайлаудың

келіп ақшасын көтеріп жіберген дейді. Үміткер сайлауға қатысу үшін бұрынғыдай 150 еуро емес, 500 еуро келіп ақша төлейтін болған. Оның үстіне 5%-дан аз дауыс жинаса келіп ақшасы қайтпайды. Билік партияны осылай сайлаудан ығыстырып шығарамыз дегенімен, қай кездегідей “ақымақтардың” да жақтастары аз емес қой... Олар бәрібір сайлаудан қалмаған.

ГЕРМАНИЯНЫҢ “ПАРТИЯСЫ”

Бұл партия Titanic сатиралық журналының негізінде 2004-ші жылы құрылған. Негізі еңбекті, құқықтық мемлекетті, жануарларды қорғауды, элитаны, төменнен шыққан демократиялық бастамаларды қолдауды мақсат еткен. Бұл партия Германияның дәстүрлі саяси билігін, партиялық тәртіпті, саяси бағытты келемеж еткен.

“Партия барлық уақытта дұрыс” деген ұраны да бар. Берлин қабырғасын және ГДР мен Батыс Германия шекарасын қайта қалпына келтіріп,

Швейцариямен екі араға қабырға салуды бағдарламаға кіргізген. Сол кездері немістерді швейцариялық банктердің ықпалынан құтқарып қана қоймаймыз, Германияның құрылыс саласына көмек болады дейді.

Климаттың жылынуы да түбегейлі шешу қажет деп санайды. Қытайға соғыс жарияласақ, оның экономикасы да тежеліп, ауаның ластануы азыайп, экология жақсарайды дейтіні де бар. Денсаулық сақтау саласында ауыр науқастарды ғылым емдейтін жол тапқанша оларды қомаға түсіруді ұсынады. Ал, студенттер мен жұмысшылар үшін сыра мен кебабтың шектеулі бағасын бекіткен жөн дейді.

Партия Германияда танымал екен. 5%-дық шектеуден асып өтіп, ұлттық парламентке жетпесе де жергілікті сайлауларда жеңіске жетіп жүреді, сайлауда ешқандай пайыздық кедергі жоқ. Еуропарламентке өз депутатын жіберіп отырады.

P.S. Ал біз саясатқа соншама салмақ беріп, партияларға бәс тігіп, сайлауларға бас көтіріп, жүрек “жылатып” жүрміз...

Дайындаған С.БИХОЖА